



ЕЛДІГІМІЗДІ ҚАДІРЛЕЙІК!

Қаңтардағы оқиғаның неден тұтанғаны, бейбіт түрде басталған наразылық шеруінің соңы содырлық сойқанға ұласқаны өлем алдында айпарадай ашылды.

Оқиғаның қандай сипат алғаны, қандай кәсіпке әкеп соққаны айтылды, мемлекеттің тұтастығын турап, Тәуелсіздігіміздің тамырына балта шауып, елдігімізді төңкеруге ұмтылғандардың опасыздығы ордамызды ойран ете жаздады. Кінәлілер, мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылғандар жазаланар, айыптылар қамалар. Бірақ бейбіт заманда, ай мен күннің аманында окка ұшқандардың, күштік құрылымдарда еңбек етіп, елдің тыныштығын күзетуге антасқан азаматтардың арасында шейіт кеткендердің, бейбіт митингке шықпаса да, көшеде қаңғыған октан опат болғандардың орны тола ма? Күні кеше 19 миллионнан астық деп алақайлап едік, қаңтар қанды қасаптан 225 адамның қаза тапқанын билік ресми мәлімдеді. Олардың көпшілігі сойқан салған содырлар. Әскеріміз бен күштік құрылым қызметкерлерінен 19 адам мерт болды. 4 578 адам қаңтардағы қақтығыста жапа шеккен. Басым көпшілігі жарақат алған. Полиция мен Қарулы Күштер қызметкерлерінен 3 393 адам жараланды. Аз адам емес, әрине. Зардап шеккен, жараланған жандардың тезірек сауығып кетуін тілейміз.

Қаңтардағы қақтығыста Алматы қаласы қатты бүлінді. Содырлар мен ел ішін алаңдай бұлдіріп, іріткі салушы топ жолындағысын жайпап, топан судай таптап өтті. Сындырды, қиратты, бұлдірді, тонады. Онымен де тынған жоқ – от қойып өртеді.

(Жалғасы 3-бетте)

Жұқтырғандар

1185928 ↑ 15996

COVID-19 ПНЕВМОНИЯ

1100876 ↑ 15872 85052 ↑ 124

Сауығып шыққандар

1056847 ↑ 2398

COVID-19 ПНЕВМОНИЯ

978588 ↑ 2236 78259 ↑ 162

Қайтыс болғандар

13974 ↑ 8

COVID-19 ПНЕВМОНИЯ

13105 ↑ 8 869

Толық вакцина алғандар

8 655 408 (45.3 %)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Күні кеше қазақ ән өнерінің корифейі, дарынды әнші Нұрғали аға Нүсіпжанов 85 жасқа толды. Дәулескер күйші, ділмар дирижер Нұрғиса Тілендиев «Нұрашым» деп атын атамай еркелеткен, Әсет Бейсеуов болмысымен құрметтеген, Мұқағали, Қадыр, Тұманбай бастаған қазақ ақындарының алқалауымен өнін қалықтатқан Нұрғали Нүсіпжановтан бір топ журналистер жуырда сұхбат алдық. Белгілі продюсер, журналист Серік Аббас-Шах бастап, «Мәлім кз» порталының редакторы Руслан Ербота, «Айқын» газетінен Нұрболат Адырбек, «Абай кз» порталынан Нұргелді Әбдіғаниұлы, Жадыра Сейдеш қостап, сексен бес жастың сеңгіріне шыққан әншіні тоқтаусыз үш сағат сөйлеттік.

Нұрғали НҮСІПЖАНОВ:

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДА ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ПАТРИОТТЫҒЫ ЕРЕКШЕ ЕДІ

НҰРҒИСАНЫҢ ЖАЛҒЫЗЫ

— Аға, Нұрғиса Тілендиевтің қасында көп жүрдіңіз. Екеуіңіздің мінезіңіз, болмыс-бітім, тіпті темпераментіңіз де екі бөлек. Бірақ сіздерді шығармашылық байланыстың шырмал алғаны сонша, Тілендиев тудырған тамаша әндерінің көпшілігін алдымен өзіңіз орындап, тыңдаушысына жеткізіп, жүрегінен өткізе білдіңіз. Сіздерді табыстырған, қыздың қос бұрымын қосқандай қабыстырған не дүние? Қалай таныстыңыздар, қалай аға-бауыр болдыңыз?

— Менің ұғымымда тепе-теңдік қана әлемді теңсeltпей ұстап тұр. Электр қуатында да бір-біріне қарсы заряд бар. Сол секілді Нұрағам, Нұрғиса Тілендиевпен екеуіміздің мінезімізде ұқсастық болмаса да, болмысымыз екі басқа болғанымен, біз аға-іні болып, тонның ішкі бауындай жақын араластық. Танысқан шағымнан бастап ол кісі менің атымды атаған емес, тек «Нұрағаш» деп еркелетіп, «сен» деп те айтпайтын. Жақындардың ішінде «жалғызым» деп, көпшіліктің ортасында «бауырым» деп айтушы еді. Екеуіміз бір-бірімізді көп уақыт көрмей қалсақ, жылап көрісетінбіз. Бір жолы бір сапарда болып Нұрағаммен біраз уақыт кездесе алмай қалдым. Ол да, мен де қатты сағынысып, көрген жерде шұңқыраса амандасып жүретін едік. Бір жолы сондай сапардан оралсам, Нұрағам 400 кісілік оркестрді орнынан тұрғызып, маған бас игізіп, «адалым-ау, жалғызым-ау, қайда жүрсін» деп құшақтай алғанда көзімнің алмасынан аққан жасым омырауын жуып кетіп еді. Осындай камқорлығымен, ықыласының ерекшелігіне қарап ол кісінің мені жанындай жақсы көргенін ұқтым. «Жалғызым» дейтіні екеуіміз де атадан жалғыз тұяқ ұлмыз. Нұрағам да Атабай ақсақалдың ұрпағын жалғастыра жалғыз ұлы, мен де Нүсіпжанның кіндігінен тараған жалғыз ұлмын.

(Жалғасы 5-бетте)

OIL

88

\$

88

БИРЖАМЕТР

DOLLAR 437,5

EURO 496

РУБЛЬ 5,77

JAS QAZAQ ГАЗЕТІНІҢ TELEGRAM- КАНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!



7 KUN

168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Қазіргі геосаяси жағдайды және аймақтық деңгейдегі өзекті сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери дайындығын түбегейлі арттыру – кезек күттірмейтін міндет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен өткізген кеңесте осылай деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мұрат Бектановты қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жаксылыковты тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойды. Президент жаңа министрдің

командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде он нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмадық. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық».

Сонымен қатар Президент Қазақстандағы бітімгерлік миссиясын аяқтаған ҰҚШҰ контингентінің жұмысына он баға берді. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштері Қазақстанға қысқа мерзімге ғана келіп, қорғау қызметін атқарды. Ұжымдық контингент өздерінің тиімділігін және әлеуетін көрсетті.

Ендігі кезде, ең алдымен, ел басшылығын сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы уақтылы әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге тиісті әскери барлау қызметін күшейту керек. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес құрылатын Арнаулы операциялар жөніндегі күштердің басшылығына

жарамсыз және әрі қарай сақтауға қауіпті қару-жарақтарды жою шараларын жүзеге асыруды жалғастыру керек екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан армиясының техникалық және жауынгерлік жабдықтарын жанарту міндетін жүктелді. Әскердегі қару-жарақтың дені – 30-50 жыл болған кенес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімінің өткеніне байланысты, қару-жарақ паркін жанарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Күштер заманауи әрі жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндейтін, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту міндеті тұр.

Мемлекет басшысы әскердің шұғыл әрекет ету қабілетін арттырып, әскери-транспорттық авиацияның әлеуетін күшейту

Әлеумет.т⁰

МЕМЛЕКЕТШІЛ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕЙІК!

Тарихқа «Алматы трагедиясы» деген атпен енген қаралы күндер артта қалды.

Бәріміз Тәуелсіздік тағдыры қыл үстінде тұрғанын көрдік. Құрбандықтар да аз емес. Енді болашағымыз қалай болады?

Қазір қоғамда «Президентті қолдайық» деген пікір бар. Бұл дұрыс. Бірақ қалай қолдаймыз? Президентті құр сөзбен емес, нақты іспен қолдау керек.

Біз Ұлттық идеология мен Ұлттық тәрбиеде үлкен олқылық жіберіп алдық. Мұны ашық мойындау қажет. «Менің мемлекетім, менің Қазақстаным» деген отансүйгіш сезімді терең орнықтыру орнына қалайда ақша табу, тез баю, тірліктің бәрін ақшамен өлшеу ұғымдарын алға шығардық. Бүгінгі жастар бабалардың «тәк, тәйт» деген тыйымдарымен емес, негізінен «тик-ток» арқылы тәрбиеленіп жатыр.

Қоғамда жанашырлық, мейірім, қамқорлық, аяныш, обал мен сауапты білу, қанағат пен қайырым, ілтипат пен ізет орнына жаппай қатыгездік, аяусыз озбырлық, алдап, арбау, өтірік, өсек, мақтаншақтық, жалбақтау мен жарамсақтық орнықты. Еңбек ету, адал мал табу, Отанға, елге, МЕМЛЕКЕТКЕ адалдық, қоғам алдындағы жауапкершілік, Әділет, Ар, Ұят ұғымдары кейінге ысырылып қалды.

Өз ордасын өзі талқандайтын, өз мүлкін өзі ойранға салатын, бұл әрекеті үшін бір сәт те ойланбайтын қаныпезерлік қайдан шықты? Әкенің сөзін баласы тыңдамайтын, қой дегенді білмейтін, үлкендерден ықпайтын, өз дегендерінен шықпайтын, қыңыр да қырсық, тонмойын ұрпақ неге көбейді? Елшіл, мемлекетшіл, ертеншіл толқын қайда? Ұлға дұрыс тәрбие бермесек, Тұлға қалай шығады?

Бытыр Сенатта Ұлттық құндылықтар туралы парламенттік тыңдау өткізілді.

Сенат бес құндылықты – атап айтқанда, тәуелсіздік және тарихи таным, ел мен жер, тіл мен имандылық, ұлттық дәстүр және отбасылық тәрбие, білім мен біліктілік мәселесін қазақ қоғамының басты қағидаттары ретінде күн тәртібіне шығарды. Үкіметке, тиісті министрліктерге ұсыныстар берді. Осы ұсыныстарға қайта назар аударып, үкіметтің барлық мүшесін парламенттік тыңдау материалдарымен таныстырып, оларды жүзеге асыру бойынша шұғыл шаралар қабылдау маңызды.

«Еларна», «Тәлім ТВ» арналарын жасөспірімдер мен жастар арнасы етіп қайта құруды ұсынамын. Бізде «Балапан» арнасынан басқа 10-18 жасқа дейінгі өскелең ұрпаққа арналған бірде-бір телеарна жоқ» деген елі Президент! Осы жастағы ұрпақ технологиялық, индустриялық, инновациялық саясаттан мүлдем хабарсыз.

Мәдениет саласына да жанару, тазару, құндылықтарға айрықша мән беретін уақыт жетті. Қазақтың «Ала жіптен аттама», «Бүлінгеннен бүлдірме алма» деген даналығын жастарға бала күннен бойға сіңірудің амалын жасау керек.

Надандық – білімсіздіктен шығады. Абай «Адамзат баласының қас дұшпаны – надандық» деген. Абай «бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» деп тәрбие өзегін көрсетіп кеткен еді. Білім беру саласында содан артық бағыт бар ма? Қоғамда «Кітап куліті» білім министрлігі жасауы тиіс!

Кең-байтақ Қазақстанда жұмыссыз қазақ болмауы тиіс! Ешқандай нәтиже бермейтін бағдарламалардың қажеті жоқ. Ұлттық бағдарламалар жұртқа жақын, елге түсінікті етіп жасалсын.

Жас ұрпақты технология жағынан озып кеткен Жапония мен Корея қалай тәрбиелеп отыр? Балаларға телефон ұстауға тыйым сала алмаймыз. Ұстама десең де ұстайды. Қазақстанда қаншама IT маман бар. Неге солардың басын жинап, смартфонда балалар мен жасөспірімдерге арналған интеллектуалды ойындар мен мемлекеттік тілде білім беретін бағдарлама әзірлемеске?

Ешкім бізге жаңа мемлекет құрып бермейді! Бізге іргесі берік қоғам керек! Жанарған Қазақ Елі керек! Осыны күн сайын есте ұстау керек!

Нұрғөре ЖҮСІП,
Сенат депутаты

(Премьер-Министр
Әлихан Смайыловқа жолдаған
депутаттық сауалынан)



Азамат ӘБІЛДАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Алдымен бейбіт шерушілер, сосын базардағылар шықты, кейін криминал қосылды. Одан кейін араларына террористерді кіргізіп жіберді. Террористер ештеңе талап еткен жоқ. Қазаққа жақсы бар мақал бар «Ауруын жасырған өледі» деген. Ештеңені жасырмауымыз керек. Оқиға ашық талқыланып, ашық тергеліп, халыққа ашық жеткізілуі керек. Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес. Әр нәрсенің өзінің орны болады. Бар да айқайла, өз ойыңды айт. Бірақ әскер мен полицияға тиіспе. Ол да біреудің қызмет бабында жүрген баласы. Бізге осы жайттарды ең алдымен шешу керек. Шетелде отырып алып елді бір-біріне айдап салып отырғандар бар. Осыдан барып халық пен полицияның арасында түсінбеушілік пайда болады.

Қазір қалада жұмыссыз жүрген жастар көп. Кейбірі күзетте, кейбірі көлік айдап нәпақа тауып жүр. Соларға ауылдан жұмыс тауып беруіміз керек. Ол үшін ауылдағы мал басын көбейтіп, етті экспортқа шығаратындай үлкен бағдарлама жасалуы тиіс. Қалада қандай бос жүргендерді ауылға жұмыс істеуге жіберу керек».



кадрлық әскери қызметкер екенін, арнайы білімді Алматы Жоғары жалпы әскери командалық училищесінде оқығанын, кейін М.В.Фрунзе атындағы академияда және Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабының Әскери академиясында білімін жалғастырғанын айтты. Тәжірибесі мол Руслан Жаксылыков Ішкі әскерде 30 жылдан астам қызмет етті. Ол қатардағы жауынгерден бастап, әртүрлі басшылық қызметтерді атқарды. Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысына дейінгі әскери жолдан өтті.

Жоғарғы бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштерге деген талаптың күшейе түскеніне тоқталды: «Армия Тәуелсіздігіміздің тірегі болып, мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс. Қантар оқиғасы кезінде Қарулы Күштер өзіне сенімсіз әрі қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов

маңызды миссия жүктеледі. Сондай-ақ оларға қысқа мерзім ішінде басқа күштік құрылымдармен бірлесіп, барлық ұйымдастыру шараларын қабылдап, арнаулы операцияларды орындауға дайындалу міндеті тапсырылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев қару-жарақ сақтайтын нысандарда төтенше жағдайлардың қайталануына жол бермеу қажеттігін еске салды. Осыған байланысты Президент қару-жарақтардың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пайдалануға

қажет екеніне тоқталды. Сондай-ақ әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажет.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қантар оқиғасының сабақтарын ескере отырып, Қару-жарақ және әскери техника сатып алу жөніндегі 2022 жылға арналған жоспарды қайта қарауды және Қарулы Күштердегі кадрлық әлеуетті арттыру шараларын қабылдауды тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН



Аптаның айтары

Андрей ЛУКИН,
Сенат депутаты



«Жастар арасындағы жекөлеген топтар өзінің әлеуметтік сипаты мен айналада құбылыстарды түйсіну ерекшелігі бойынша наразылық көңіл-күйді бойына тез жинап, оны іске асыруға бейім тұрады. Лаңкестік әрекеттің салдарынан бейбіт тұрғындар қаза табады, тұрақсыздық орнайды, экономика зиян шегеді. Осы қасірет, өкінішке қарай, біздің өлімізді де айналып өтпеді. Талай адамның өмірін жалмаған қаңтар қасіреті көзінде отандастарымыз ғана емес, құллі ғаламдық қоғамдастық әкімдік, полиция, өуежай және өзге де стратегиялық нысандарға жасалған террористік әрекеттің куәсі болды».

Аптаның ұсынысы

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін шағын бизнеске кассалық салық салудан бас тарту қажет. Барлық салықты кәдімгі патентпен алмастыру қажет. Ондайда салық органдары бір жылда төленетін салықты анықтайды. Кәсіпкер патентті сатып алады, сонда оған ешкім тиіспейді. Тексеріс жасап, басын қатырмайды. Кассалық есепшоттарды Ashyq-пен салыстырмайды. Мейлі, 5-500 теңгеге артық пайда тапсын, онда тұрған ештеңе жоқ. Есесіне, миллиондаған адам ешбір кедергісіз және бюрократиясыз өз ісін аша алады. Міне, кедейшілікті осылай азайтуға болады».

Аптаның сауалы

Ирина СМЕРНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Мектептердің үздіксіз жұмысы балалардың білімі, әлеуметтік өмірі мен психологиялық денсаулығына үшін аса қажет. Мектептер ең соңғы кезекте жабылып, ең бірінші болып ашылуы шарт. Ал білім және ғылым министрлігі денсаулық сақтау министрлігінің жөке пікірін қолдап, үкіметтің нұсқауымен үш ірі қаламыз – Алматы, Нұр-Сұлтан мен Шымкенттегі барлық мектепті жауып тастады. Пойыздар мен ұшақтар адамға лық толы. Сонда мектептер ғана инфекцияны тарататын қауіпті орындары болып отыр. Бұған дейін эпидемия жағдайында мектептердің жұмыс жасау алгоритмі сәтті сынақтан өті ғой. Ол қайда кетті?»



(Басы 1-бетте)

ҰҚШҰ ТЫНЫШТЫҚТЫ КҮЗЕТТІ

Қайбір күні Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі журналистерге Алматының қираған, өртенген нысандарын көрсетті.

Ең алдымен ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) әскерлерінің алдыңғы легін шығарып салу рәсіміне қатыстық. Ресей, Беларусь, Армения,

Қырғызстан елдерінен келген бітімгершілік күш сарбаздары елдеріне қайтты. Бірнеше күн Алматының стратегиялық маңызы зор нысандарды күзеткен сарбаздар елдеріне аттанды. Бейбіт митингті майдан алаңына айналдыруды көздеген содырлар күштік құрылым өкілдерін ажалға байлап, тіпті екі сарбаздың басын шауып тастағанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-дан қолдау көмек сұрады. Әрине, өз еліміздің азаматтарына қарсы қару кезеңіп, окқа байлау үшін емес. Мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылған, адамдарды айуандықпен өлтірген террористерді тойтару үшін әскерімізге демеу көрсетсін деді. Ел ішінде ҰҚШҰ әскерінің

машиналар да бар. Жоғын іздегендер осы жерден тауып алып жатыр.

Ер адам Lexus көлігінің сынған терезесін бүркемелеп қарап жүр. Суыртпақтап сөзге тарттық. «Екі машинамызды әуежайдың автотұрағына 28 желтоқсанда қойғанбыз. Бүлікшілер екеуін де өртеп жіберіпті. Біреуінің тек қаңқасы қалған, қайта мынаны толық жанбай өшіріп алдық» деді. Аты-жөнін, көліктің кімге тиесілі болғанын айтудан бас тартқан адам өзінің тек жүргізуші екенін, бастығы шетелге ұшып кеткенін жеткізді.

Автотұрақта қан сінген, автоматтан атылған оқ бір емес, бірнеше жерден тесіп өткен, өртеніп жарамсыз болып қалған инкассацияның, әскерилердің, полицияның көліктері де көп. Байыптап қарауға жаңың түршігеді.

ЕЛДІГІМІЗДІ ҚАДІРЛЕЙІК!



келгенін күп көргендер де, қарсы болғандар да табылды.

1992 жылдың 15 мамырында Өзбекстанның астанасы Ташкент төріндегі талқылаудан кейін құрылған ҰҚШҰ-ға Армения, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан кірді. Кейін Әзірбайжан, Грузия, Беларусь елі қосылды. Ұйымға кірудің мерзімі бес жыл. Одан ары қарай ықыласын болса, тағы да ұзартасын. Кейін Грузия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдері ұйымнан шықты. Ұйымның басты миссиясына мүше мемлекеттердің ішінде болатын террористік қауіп-қатер, қақтығыстарды болдырмау, лаңкестікпен, экстремизммен күресу, заңсыз қару, есірткі тасымалдаушыларды, ұйымдасқан қылмыстық топты құрықтау секілді ауқымды істер кіреді. Ұйым құрылғалы отыз жылға жуық уақыт өтті, соның ішінде алғаш рет өзінің миссиясын атқарып отыр.

БҮЛІНГЕН, ОҚ ТЕСКЕН КӨЛІКТЕР



Алматыдағы аласапыранда төрт жүзге жуық көлік бүлінген. Оның ішінде 47 автокөлікті өртеп жіберген. Оқ тесіп, басқа да залал келген, тоналған машиналар да бар. Олардың дені Көкжиек ықшамауданындағы автотұрақта тұр.

Алматы қалалық құтқару қызметінің бастығы Бейсеғали Жүнісов автотұраққа әкелінген көліктердің басым көпшілігі іске жарамайтынын айтты. «Алматыдағы оқиғадан кейін қақтығыста отқа оранған, оқ тиген, қираған көліктерді әр көшеден әкелдік. Райымбек даңғылының бойынан өртеніп тек қаңқасы ғана қалған арнайы техникаларды, басқа машиналарды Сәтбаев, Желтоқсан, Назарбаев, Төле би көшесінен жинадық. Республика алаңынан 32 көлікті алдық. Төле би көшесіндегі Форте банктің кеңсесін сүретін ауыр тракторды да осында алып келдік, иесі келіп әкетті. Оны да бұзақылар ұрлап айдап кеткен екен. Оқ тескен, қан іздері бар машиналардан саусак іздері алынып жатыр», — деді.

Автотұрақта тек өртенген, қираған оқ тескен көліктерден өзге ұрланған, соғылған, жоғалған



28 мекеменің өртін сөндіріп, 125 адамды эвакуациялады.

Төтенше жағдайлар департаментінің ресми өкілі Гүлдана Нұрымбетова:

«Өртенген, қираған көліктердің фото, видео материалды жинақтап полиция департаментіне жолданады. Бүлікшілер біздің өрт сөндіру қызметінің көліктерін тартып алғанда, қызметкерлеріміз күрес кезінде жарақаттанды», — дейді.

Сойқан салғандар өздері өртеген ғимаратты сөндіруге жеткен төтеншеліктерді қуып жүріп

ОТҚА ОРАНҒАН ӘКІМДІК

12 қаңтарда туғанына 110 жыл толған Дінмұхамед Қонаев Қазақстанды басқарып тұрған кезеңде бой көтерген қалалық әкімдік ғимараты да қаңтардағы қасіретте отқа оранды. 1980 жылдары салынған ғимаратта қырық жылдың ішінде қаншама тарихи шешімдер қабылданып, еліміздің егемендігіне қатысты құжаттар талқыланды. Осыдан қырық жыл бұрын сәулетшілер К.Монтахасев, В.Ким, М.Павлов бастаған құрылысшылар өздері жобалап, сызып берген, «Ш» әрпінің үлгісіндегі ғимаратты кейінгі ұрпақ өртеп жібереді деп ойламаған да шығар. Бетоннан құйылған қабырғаны әсемдеуге Маңғыстаудың қышын да алдырып, әдіптеген нысанды бүлік салушылар әп-сәтте күлге айналдырды.

Журналистер тобы аралап көруге барғанда өрт толық сөндіріліп, жөндеу жұмыстарына дайындық басталып та кеткен еді. Шаң көзді аштырмайтыны өз алдына, бірнеше күні жанған өрттің ысы, күйіктің иісі де кеңсірігінді қарып өтеді. Соған қарамай, жанталасқан жұмысшылар тоқтаусыз жұмыс істеп жатыр.

Алматы жайлы қала басқармасының басшысы Сапар Нұрашев:

«Ғимарат түгел өртенгендіктен нысанның жағдайын қазір айту ерте. Тазарту жұмысы біткен соң жобалау шаруасы іске асады, техникалық зерттеу жүргізіледі. 22 мердігер компанияның 700-ге тарта жұмысшы тартылды. Толықтай қалпына келтіруге 5-6 ай уақыт қажет шығар», — деді.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров штаб отырысында әкімдікке келген шығын 20 миллиард теңге екенін айтты.

Бүлік кезінде бүлінген нысандардың шығыны әлі де есептеліп жатыр.

Алматыда 240 нысанға шабуыл жасалған. Толық өртке оранған ғимараттардан сырт есік-терезесі сынған, жартылай өрт тиген нысан да бар. Мемлекетке қарайтын 27, шағын және орта бизнес иелерін тиесілі 216 ғимарат бүлінген. Қалалық прокуратура ғимаратына 2 миллиард, полиция департаменті мен аудандық басқармаларына 205 миллион, экологиялық бекеттерге 163 миллион, медициналық мекемелерді 2 миллион теңге көлемінде зиян шектірген.

БІР ТҮНДЕ – 27 ШАБУЫЛ

Алматы қалалық полиция департаменті орналасқан ғимарат пен Алматы, Әуезов, Бостандық, Жетісу аудандарының полиция басқармалары қаңтардағы аласапыранда шабуылға ұшырады. Қарулы жасақ бір емес, бірнеше мәрте басып алмаққа бекініп топтанып келіп, топырлата оқ жаудырған.

Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов содырлар бір түнде

27 мәрте шабуыл жасалғанын айтты. Бесінші қаңтарда кеш басталғаннан алтысына ауған түнде қарулы топ полиция департаменті мен аудандық бөлімдерге топтанып келген. Алдымен қарсылықсыз берілуді талап еткен. Алматы қаласындағы бірнеше қару-жарақ дүкенін тонағаны бар, өздерінің қаруын асынғандар да жүрген. Полиция ғимараттарын басып алуға әрекеттенгендер өрт қойып, әр тұстан оқ жаудырған. Содырлардың тыңғылықты әзірленгені сондай, тек бір нүктеден ғана лап бермей, әр тұстан аңдайлап шабуыл жасаған. Ондағы ойлары полиция ғимаратын басып алса, қару-жарактың қоймасына ие



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ТАҚАБАЕВ, Алматы облысы Көген ауданы Ұзынбұлақ ауылының ақсақалдар алқасының төрағасы:

«Халық көшеге не үшін шықты? Қымбатшылық туралы айтамыз деп шықты. Бірақ арандатушылар кіріп, бейбіт шеру қанды қырғынға ұласты. Адамдар бір-бірін жаппай тонай бастады. Қазақ бір ауыз сөзге тоқтаған халықпыз. Ата-анамыздың «Біреудің ала жібін атпама» деген сөзін тыңдап өстік. Осы сөзді немерелеріне айтып, тәрбие беретін апаларымыздың өзі дүкенді немересімен бірге тонап жүрді. Бұл өте ұят нәрсе. Болар болмас дүние үшін таласудың соншалықты не көрегі болды? Мұның барлығы тәрбиені төмендетіп алғанымыздан. Бұрын тәрбиеге өрекке мән берілетін. Саяси лекторлар Үкіметтің қаулы-қарарларын халыққа сауаты түсіндіретін. Мен өмірлік тәжірибемнен көрген-түйгенімді айтайын. Біз ауылда колхоз, совхоз дегенді бекер тараттық. Ауылда да, қалада да қазір адамдар бос. Алматыны қиратқан жастардың әрекетіне қатты қиналдық. Олар өзінің атасы, әкесі жасаған дүниені қиратып. Егемен ел болдық, Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды деп қуанып жүрдік. Алдағы уақытта осы кеткен кемшіліктерден сабақ алып, түзетуіміз керек. Үкімет те жаңа бағдарламалар қабылдап жатыр ғой, сол бағытта біз де еліміздің өрі қарай дамуына үлес қосуымыз керек. Ең алдымен, Егемендігімізді сақтап қалуымыз керек. Біз қазба байлықтарға бай - өлміз. Жан-жақтан көз тігіп отырғандар көп. Сондықтан Мемлекет басшысының өрбір бастамасына қолдау білдіріп, қабылдағанын оң шешімдерге түсінікпен қарауымыз керек. Көп нәрсе халыққа да байланысты».



болады. Егер сондай жағдай орын алса, не болар еді, арғы жағын ойлаудың өзі қорқынышты.

Полиция департаментінің ғимаратына жақын маңдағы көпқабатты тұрғын үй тұрғындары түсірген видеода көрсетілгендей, шабуылдаушы топтың қарасы тым қалың болған. Арнайы дайындық көрген, иненің көзінен өтетін кезептер, тіпті мергендерін көпқабатты үйлердің төбесіне тұрғызып, полицияларға шабуылды үдеткен. Кескілескен ұрыс кезінде Алматы аудандық полиция басқармасының екі қызметкері қаза болды.

Түнімен атысқан департамент ішіндегі полицейлердің таңға жуық оғы таусылған. К.Таймерденов ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтан көмек сұрап, ұлттық гвардия броньды техникамен оқ-дәрі әкелгенін де айтты.

Біз көзімізбен көрген Алматыдағы жағдаятты баяндап отырмыз. Бүлік кезінде еліміздің бірнеше қаласындағы мемлекеттік мекемелер отқа оранып, сауда орындары, дүкендер, жанар-жағармай құю бекеттері, банктер тоналып, кеңселері қирады. Қоғамдық сананың азғындалғаны, араны ашылғандардың қираған ғимараттардың ішінен дүние-мүлікті дорбалап та, арбалап та тасығаны өз алдына бөлек әңгіме. Қаңтар оқиғасы үлкендер үнемі айтатын «Аспанымыз ашық болсын» дейтін сөздің қадірін айқындап бергендей.

Тәуелсіз еліміз аман, жұртымыз тыныш, мемлекетіміздің іргесі бүтін болсын!

Қуаныш КӨШЕК
Суреттерді түсірген автор



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Шетелдік шолу

Қазақстандағы өлеуметтік наразылықтардың шарықтау шегі артта қалды. Қазақстан нарығында, соның ішінде Польша нарығында жұмыс істейтін компаниялардың басшылары елдегі жағдайдың қалай өрбитіні туралы толғануда. Көшедегі тәртіпсіздіктер олардың бизнесіне зардабын тигізген жоқ.



Amica Group вице-президенті Алина Янковска-Бжуска: «Дүкендер тәртіпсіздіктер салдарынан болған кейбір шығындарға карамастан, біздің клиенттеріміздің коммерциялық қызметі қалыпты жағдайға оралып жатыр», — дейді. Вронка қаласында тұрмыстық техника өндіретін бұл компания өткен жылдың ортасында Қазақстанда сауда компаниясын тіркеді және сол жерде қойма ашуды жоспарлаған болатын.

Наразылықтың басты ошағы — Алматы қаласының орталығында Polfrost Internationale Spedition (*Polfrost IS*) компаниясының қазақстандық кеңсесі орналасқан. Ол Қазақстанда 2003 жылдан бастап жұмыс істейді және онда теміржол тасымалымен айналысады. Компания президенті

экспорттау қалпына келді.

Śniezka фирмасының президенті Петр Микрут: «Елдегі қазіргі саяси жағдайдың біздің жұмысымызға әсерін сезіп жатқан жоқпыз», — делі.

Қазақстан компанияның «басқалар» сегментіне кіретін шамамен он нарықтың бірі саналады. Ал осы елдердің топтық түсіміндегі жалпы үлесі небәрі 3,5 пайызды құрайды.

TDJ Томаш Домогалы тобына кіретін тау-кен техникасы мен жабдықтарының өндірушісі Famur көптеген жылдар бойы қазақстандық тау-кен өнеркәсібімен ынтымақтасып келеді. Famur баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, жергілікті қазақстандық компания үзіліссіз жұмыс істеп тұр.

Сондай-ақ Қазақстанда PGNiG тобынан Exalo Drilling компаниясы жұмыс істейді. Оның сол жерде филиалы орналасқан. «Қазақстандағы жағдайға байланысты Алматыдағы Exalo Drilling кеңсесінің қызметінде сактық шаралары күшейтілді. Поляк қызметкерлерінің саны барынша азайтылды, ал жергілікті қызметкерлер

Біз болашақтағы жағдайға болжам жасағымыз келмейді, науқастар алдындағы міндеттемелерімізді орындауға көңіл бөлуеміз», — дейді Магдалена Жешотальска.

Famur Қазақстанда ұзақ мерзімге қалуға кепілдік беруде. Сондай-ақ LPP да өз жоспарын қайта қарауға ниетті емес, яғни Қазақстандағы жұмысын жалғастырғысы келеді.

Selena басқарма төрағасы және бас акционері Кшиштоф Домарецкий: «Сонғы 30 жылда Қазақстан өзінің еуропалық және жаһандық әріптестерінің алдында тұрақты позициясын қалыптастырып, өзін мойындата білді», — деп атап өтті. Бес жыл бұрын құрылыс химиясын өндіруші Tutan брендімен желімдер мен ерітінділер шығаратын зауытты іске қосты және тағы бір зауыт салуды жоспарлап отыр.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет экономикалық саланы тұрақтандыруға және халықтың басым бөлігінің ең төменгі күнкөріс деңгейі, бағалары мен кірістері арасында тепе-теңдік орнатуға ұмтылады деп сендірді. Қазақстандағы биліктің мұндай тәжірибесі бар және мен олардың жүзеге асыра алатынына сенемін», — дейді Кшиштоф Домарецкий.

Польша-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасының басшысы

пікір

Қантардың алғашқы күндерінде басталған толқу мен дүрбелеңнен қандай сабақ аламыз дегенде, әркім өз жұмысына тиянақтылықты күшейтуі керек. Билік өкілдерінің, әр құқық қорғау органдарының өзінің уәдесі бар. Сол жұмыс бағытында халықтың жағдайын, ұжымның арасындағы тыныс-тіршілікті білуі керек. Әкімшіліктегі ішкі саясат бөлімдері ауқымды жұмыс істеуі қажет. Жағдайды біліп, бақылауды күшейтіп, қалғымай қырағылық танытуы тиіс. Адамдар қандай көңіл-күйде, соған орай дер кезінде шара қолдану керек. Айта кетейік, Маңғыстауда бейбіт шеру болды. Өйткені ол жерде үлкен ақсақалдар араласты. Сондықтан әр мөлтекауданда ақсақалдар кеңесін құрып, жұмыс жүргізу керек. Мұндай



Нұржан НҰРСИПАТОВ,
Сенат депутаты:

ЖАСТАР ҚАМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАСЫН

тәжірибе Өзбекстанда бар. Ауданның ішінде тентектер шықса, оларды ақсақалдар тоқтататын еді. Қазір алпыстан асқан ақсақалдар ватцапты, инстаграмды қарап бос отырады, міне, сол кісілерді осы жұмысқа жұмылдыру керек деп ойлаймын.

Сондай-ақ қазақ жастарын дөнекерлеуші, токарь, электрик мамандығына тарту керек. Қазір осындай маман иелері жетіспейді. Ауылда мал дәрігері, техниктер, агрономдар жоқ. Осы мамандықты кеңінен насихаттап, жастарды қызықтыра отырып тарту керек. Бізде спортшылар, спортпен кәсіби шұғылданатындар көп, бірақ олардың көбі жұмыссыз жүр.

Алғашқы Маңғыстауда басталған бейбіт шерулер тек ғана газдың қымбаттағанынан ғана басталған жоқ. Азық-түлік, басқа да тауарлардың қымбаттап жатқанын халық көріп отыр. Ең сонғы нүктесі газдың қымбаттауы болды. Бейбіт шеруге шыққан халықтың талаптары болды. Бір-екі күннен кейін оны лаңкестік топтар пайдаланып кетті. Адамдардың бәрін лаңкес деп айтуға болмайды. Біреулер талап қойды, енді біреулер көруге келді, үшінші топ өзінің пайдасын, қылмыстық әрекетін жасауға ұмтылды. Тағы бір топ сауда орындарын, дүкендерді тонай бастады. Олар сол маңайда тұратын тұрғындар да болуы мүмкін. Ақырында осындай трагедияға әкеп соқты. Әркім өз қызмет орнында бірден сараптама жасап, шешім қабылдаса, жағдай ұшықпайтын ба еді.

Жастар саясатына келсек, әртүрлі бағдарламалар бар, оларға ақша бөлінді. Бірақ берілген жерге ақша жетпей қалады. Ақша толығымен жетпейді, содан кейін жергілікті билік оны дұрыстап орындамайды. Бөлінген қаржы құмға сіңген судай жоғалады. Бағдарламалар бар, жастарды жұмысқа орналастырамыз, зауыттар саламыз, солтүстік облыстарға өңтүстіктен көшіреміз деген «Серпін» бар, бірақ орындалуы екіталай. Жастарға жанашырлық керек. Ола қараусыз қалмауы қажет. Мемлекет басшысы тапсырма береді, бірақ тиісті дәрежеде орындалмайды. Оны қадағалайтын орындар жұмыс істемейді. Қазіргі жастарға арналған бағдарлама қаншалықты іске асты, қандай нәтиже берді деп осының бәрін сараптап қорытынды шығару керек. 30 жылда қанша бағдарлама қабылданды, қаржы бөлінді, неге жетпейді деп қадағалайтын органдар жоқ. Алдыңғы бағдарлама бітпей жатып, екінші бағдарламаны бастап кетпеуге жол бермеу керек. Ең бастысы, зауыттар саламыз деп жатыр. Тағы да сондай бағдарлама түзілмек. Үкімет ақша бөледі зауыт салуға, бірақ одан шыққан өнімдер қандай бағада сатылады? Өнімді өндіргеннен кейін оны өткізу керек. Сырттан әкелінетін тауарлармен бәсекеге түсе ала ма? Осы жағы дұрыс ойластырылмаған соң өндіріс орындары банкрот болады. Оны ойлап жатқан ешкім жоқ. Тек ақшаны бөлу керек, ал зауыт салудың түбі неге әкеп соғатынына сараптама жасалмайтыны орасан қателік. Ауыл шаруашылығын да көтеру керек. Мамандарды оқытатын бұрынғы училище керек. Аграрлық секторға ақша бөлу керек. Өйткені азық-түлік тапшылығы бүкіл дүние жүзінде белең алуда. Жер бетіндегі 7 миллиард халықтың 2 миллиарды күнде тойып тамақ ішпейді. Ал біздің еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерін, азық-түлік өндіруге қауқары бар. Осы жағын ойластыруға болады.

Тағы бір амал — орта бизнестің үлесін ұлғайту керек. Жастарға жұмыс орнын көптеп ашу керек. Үлкен зауыт, алып бір үлкен өнеркәсіп орнын ашу емес, кішігірім бизнесті көбейтуге мүмкіндік жасаған ләзім. Сонда халық жұмыссыз болмайды. Шағын және орта бизнеске салатын салықтың мөлшерін азайту керек. Оның орнына ірі компаниялардың салықтарын көбейту керек. Ауыл шаруашылығына да салатын салықты азайту керек.

Ал мынау бейбіт шерудің аяғы қиын жағдайға әкеп соғуына үшінші күштердің ықпалы болуы мүмкін. Үкіметке қарсы, мемлекетімізге қарсы күш болуы мүмкін. Бәрі де тергеп-тексеру жұмыстары аяқталғаннан кейін белгілі болады деп есептеймін.

Жазып алған
Қуаныш РАХМЕТ

ПОЛЯК КОМПАНИЯЛАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ



Рышард Гжебелуха: «Наразылық тез арада полицияға қарсы шабуылға, сауда орталықтарын, дүкендер мен банкоматтарды тонауға ұласты», — дейді.

«Тәртіпсіздіктер іс жүзінде қаланың құтын қашырды. Әуежайды демонстранттар басып алды, қоғамдық көліктер мен жолаушылар пойызы жұмыс істемеді, жұмысқа жету мүмкін болмады. Сонымен қатар, қалада интернет пен телефон желісі ажыратылды», — дейді Polfrost IS басшысы.

Алайда теміржол арқылы жүк тасымалы әдеттегідей жүзеге асырылды. Байланыс жақында қалпына келтіріліп, кенсе қайтадан жұмыс істей бастады.

Ал Polpharma баспасөз хатшысы Магдалена Жешотальска: «Бізде компанияның мүлкіне зиян келтіру жағдайлары тіркелген жоқ. Елдегі тәртіпсіздіктер бизнесімізге, Шымкенттегі Santo зауытының үздіксіз жұмысына және қызметкерлеріміздің қауіпсіздігіне зиянын тигізбеді», — дейді.

Жаңа жылдық мерекелерден кейін зауыт қалыпты жұмысына оралды. Тарату орталығы дәрі-дәрмектерді тұтынұшыларға үзіліссіз жеткізіп жатыр, тіпті польша зауыттарынан

мүмкіндігінше қашықтан жұмыс істеп жатыр. Екінші жағынан, компанияның өндірістік активтері наразылық болмаған аймақтарда орналасқан. Олардың қауіпсіздігі толығымен қамтамасыз етілді», — деп жазады PGNiG баспасөз қызметі.

Газ компаниясы жағдайды үнемі қадағалап отырмаз деп сендірді. Елдегі жағдай тұрақтанған соң кеңсе өзінің әдеттегі жұмыс процесіне оралады.

Польша-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасының (*ПҚСӨП*) президенті Петр Гузовскы: «Бізде әзірге Қазақстандағы польшалық компаниялар зардап шекті деген мәлімет жоқ», — дейді.

Сонымен Қазақстандағы поляк инвесторлары жағдайдың оңалатынына сенімді. Amica басқармасынан Алина Янковска-Бжуска: «Біз алдағы апталарда сұраныстың біршама төмендейтінін күтіп отырмыз, бірақ біз таңдаған осы аймақтағы бизнесті дамыту бағытын өзгертуге әлі негіз жоқ», — деген сенімде.

«Польфарманың» өкілі тұмау мен суық тию ауысымы екенін, сондай-ақ коронавирус пандемиясы жалғасып жатқанын тілге тиек етті. «Біз жақын арада дәрі-дәрмектерге сұраныстың төмендеуін болжап отырған жоқпыз.

Петр Гузовский де сондай пікірде: «Қазақстан үкіметі шетелдік инвестициялар алдағы уақытта да ерекше қорғауда болады деп сендіреді. Олар шетелдік капиталдың кетуіне мүдделі емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің соңғы сөзінде ірі компаниялар халықтың ең кедей топтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған қорды қолдауға міндетті екенін айтты. Алайда ол жеке компаниялар, оның ішінде шетелдік капитал қатысатын компаниялар жоғары салық төлейтінін айтқан жоқ.

Қазіргі уақытта «Kazakh Invest» (*Инвестициялар және сауда жөніндегі Польшадағы агенттіктің аналогы*) «Шетелдік инвесторларға» үндеуінде мемлекеттің Қазақстанда қатысатын шетелдік компаниялар алдындағы барлық міндеттемелері өз күшінде қалатынына және «елдегі жағдайдың тұрақтануына қарай бизнес-ортаны және кәсіпкерлік қызмет жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс жалғасатынына» сендірді.

Магдалена
ГРАНИШЕВСКА,
Бартломей МАЙЕР
«Puls Biznesu» газеті

— Тіршіліктің тылсымына қызыққаным өз алдына, бала күнімнен өнге де әуес болдым, өнерге ынтызарлығым артты. Мектепте оқып жүргенде түрлі мерекелерде концерттік шараларда ән айтуды көбіне маған жүктейтін. Өз арамызда домбыраға икемі бар, шерте алатын балалармен бірігіп ансамбль құрып халық әндерін де орындап, көпшілікке өнерімізді көрсетеміз.

— **Көптің ықыласына сол кезден-ақ бөленген екенсіз де?**

— Мақтанып қояйын, «суретші бала» деген де тәп-тәуір атағым болды ауылда. Мектептегі қыздардың альбомдарын безендіру, ауылдың мәдениет үйінде, мектепте шаралар болса, соны безендіруді маған



жолбастаушы ретінде мені шақырады. Сондай бір кездесуден соң, жаңылмасам, Еуропадан келген қазақтарды үйіне ертіп бардым. Қонақтарды шығарып салған соң маған қал деді. Екеуміз тағы да әңгімелестік. «Нұрғали-ау, мен саған сөгіс берейін деп отырмын» деді. Түсінбей қалдым, қай жерде ағат сөйлеп, оғаш қылық көрсеттім?

Ағалап жүремің, алдынан қия өткен емеспін.

«Менің қолымда билік, қызмет бар кезде сен менің қабылдауымда бірнеше рет болдың. Сонда бірде-бір рет үй сұрап, тұрмыстық қиындығына көмек айтқан жоқсың. Шиеттей бала-шағаң барын, қарт әке-шешен де саған қарап отырғанын көмекшім Дүйсенбектен естіп-біліп жүрмін.

Қолымда барда көмектесер едім» деп ренжіді. Расында да мен Димекенде билік тізгіні болғанда қабылдауында болдым, дәмдес атандым, бірақ ешуақытта отбасымының шаруасын айтқан емеспін. Сондай кенпейіл адам еді Димекен.

— **Өнер адамдарының арасында бақталастық дерті күшті.**

өзгертіп шаршап-шалдыққандары байқалып тұр. «Қадыр-ау, біз сені әбден қажыттық, сусын ішіп тынығып аларсың» деп жатыр Нұрағам жаны ашып. «Нұраға, осы әнім халықтың жүрегіне жетсе, рухын жани алса, сөзін түзетіп қайта жазуға жүз рет тапсырма берсеңіз де жалықпаймын» деді Қадаған. Әннің келешегі кемел болатынына сеніп тұрғандығы шығар, расында да «Өз елім» каншама концерттердің, мерекелік іс-шаралардың ашылуында шырқалды, әлі де тыңдарманның жүрегінде.

— **Қазіргінің әншісі мен композиторы сіздер секілді түнгі сағат үште қонырау соғып, жаңа туынды туралы ақылдасуды емес, әндерін қаншаға сатуды ойлайды. Сіздердің ортада сазгердің әншіге ән сатқаны, ақынның жазған өлеңіне пұл төлеуі болды ма?**

— Айтып отырмын ғой, біздің кезеңде композитор мен әнші, ақын үштігінің арасында сауда емес, әннің мәтініне қатысты, сазының иірімі турасында талқылау жүретін, ақылдасу болатын. Мен бүгінгі әнді сату, өнерді саудалау дегенді онша қабылдай алмаймын.

Ол заманда көркемдік кеңес деген ұжым болды. Мен 20 жылға жуық теле-радионың музыкалық редакторы болдым. Көркемдік кеңестің талқылауынан өтпей, солардың мақұлдауын алмай ән де, басқа да сазды шығарма көрерменге таратылмайтын. Тек есті әнді сүзгіден өткізіп, есер дүниені сүзіп іркіп қалатын.

— **Бір естелігіңізде консерваторияда жеті жыл оқып алған біліміңізден сырт, ошақтың үш тіреуіндей болған Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова сынды ән өнерінің корифейлерімен қатар жүріп, гастрольдік сапарда бірге болып, өнегесін алып, көп нәрсе үйрендім деп еліңіз.**

Нұрғали НУСІПЖАНОВ:

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДА ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ПАТРИОТТЫҒЫ ЕРЕКШЕ ЕДІ



жүктейді. Суретшілікке, сәулет өнеріне де ерекше қызықтым. Ауылдағы мектеп жеті жылдық еді, соны бітірген соң аудан орталығы Қоналда он жылдықты тәмамдадым. Бірден оқуға түскем жоқ. Біздің заманның жастарының патриоттық сезімі ерекше еді. «Тыңның екінші белесін игеруге қазақ жастары жаппай жұмылсын» деген бағыттағы ұран ерекше естілетін уақыт. Мектепті бітірген соң екі жыл қой бақтым. Баққанда да қатардағы көп шопанның бірі емес, озат қойшы атандым, ауданда партия ұйымына қабылдады. Содан кейін ғана қалаға жолым түсті. Алматыға консерваторияға оқуға түскенде каланың ғажайып архитектурасына ерекше қызықтым. Ауылдағы әкемнің жатаған қарашанырағын қала типтес үйлердің дизайнымен салып, шатырын да солай жауып жасаттым. Есігімнің алдындағы бақтағы ағаштарым әлі де жайқалып өсіп тұр. Тіпті әкем мен шешем еккен тамыры тым тереңге бойлаған ағаштар да бар. Бір алма ағашын мен он жасымда



әкем екеуміз еккенбіз, жетпіс бес жыл болды әлі жеміс береді. «Атаннан мал қалғанша, тал қалсын» деген қазақ. Долана ағаштарын ектім. Жемісі піскенде жинап алып кептіріп, қыста жесең, қайнатып сөлін ішсең, мың да бір шипа.

ҚОНАЕВТЫҢ «СӨГІСІ»

— Дінмұхамед Қонаев ақсақал Нұргиса Тілендиев пен сізді ерекше құрметтеп, қамқорлығын көрсетіпті.

— Ол кісінің, әсіресе, Нұрағана деген ілтипаты, құрметі ерекше болды. Екеуімізді бауырына басып құрметтеді. Димекен зейнетке шығып, қызметтен қол үзген соң да шетелде тұратын қандастарымыз амандаса келіп, дидарласып қайтатын. Кеңес одағы кезінде Мәскеудің пәрменімен гастрольдік сапарларға шығып, бірнеше шет елдерде болдым. Сырттағы қандас қазақтардың қауымдастығымен байланысымыз бар, сондай делегация елге келсе, міндетті түрде маған хабарласады. Бір жолы Димекеннен бір «сөгіс» алған едім.

— **Қандай сөгіс алып жүрсіз?**

— Жаңа шетелде тұратын қандастарымыз елге келсе, Димекенді іздеп барып амандасуға

(Басы 1-бетте)

Қоғалы мен Алтынемелдің ортасында созылып жатқан, еккен егіні еміне жайқалып өсетін Күренбел тауы бар. Түрлі концерт, гастрольдік сапардан босап, қолымыз қалт еткен уақытта осы Күренбелдің қойнауындағы ауылыма, қартайған әке-шешеме Нұрағамды ертіп баратын едім.

Нұрағам өмірден өткенге дейін 51 жыл аға, бауыр болып жақын араластық.

Ол кісі майдалануды, салақтықты, олақтықты, өз ісіне бей-жай қарап, берекесіз болуды қаламайтын, жекіп ұрсып тастайтын. Кәсіби біліктілігін пәс болып, мамандығына қатысты кілтіпанынды байқап қалса, құй сен атағы шыққан артист бол, еңбек сіңірген қайраткер атан, ештеңеге қарамайтын, ұрсып сілкілеп алатын. Кемшілікті кешірмейтін еді. Біз ол кісінің осындай талапшыл екенін жете түсініп, сондай сөгіс естіп қалмау үшін барынша тырысып, мұқият болуға дағдыландық. Содан шығар, мені «адалым» деп жақын тартып, құшағына қысатыны. Онысы алдаусырату емес, керісінше, алғаусыз пейілін аңғартқаны еді.

Енді Нұрағаммен қалай танысқанмызды айтайын. 1960 жылдардың бас кезінде, Құрманғазы атындағы оркестрдің ғимараты қазіргі Бөгенбай батыр мен Сейфуллин көшелерінің қиылысында болды. Консерваторияның студентімін, оркестрдің хор капелласындағы таныс жігіт жаңа әннің нотасын алып кетуге шақырды. Оркестр орналасқан ғимараттың әр класында күйсандық тұрады. Жаңа әннің нотасын алып бос күйсандыққа отырып, үйреніп отырғам. Жаңа әннің әлеміне елтіп байқамаған екем, ту сыртымнан бір кісі бақылап тұрыпты. «Әй, жарайсың, сен қай әншісің?» деді жып-жылы үнімен. Жалт қарасам, Нұрғиса Тілендиев тұр. Бұл кісіні сырттай танимыз, композиторлардың съезінде сөйлеген сөздерін естігеміз, тамаша туындылардың авторы екенін білеміз. Ол кезде біз секілді студенттер үшін талантты композиторлармен тізе қосып жұмыс істеу арман іспетті еді. Менің жаңа ән деп тыңқылдатып күйсандықта шерткенім Нұрағанның әні екен. Дәлізден өтіп бара жатып өзінің туындысын құлағы шалып бұрылған ғой. «Қай туғансың, қайда оқисың, мұнда не істеп жүрсің?» деп «тергуге алсын». Мен өзімнің жөнімді айтып, жайымды жеткіздім. Бізді осылай Нұрағанның әні таныстырып, табыстырды.

Осы таныстықтан кейін Нұрағамен араластығымыз тонның ішкі бауындай бекем болды. Менің бағымды ашқан Нұрағам, Нұрағамның тамаша туындылары еді. Көліктің жолы, пойыздың темір рельсі болатыны секілді, әр әншінің дауыс деңгейі, үнінің әуезділігі болады. Нұрғиса Тілендиев менің даусыма арнап бірнеше ән жазды. «Менің жекеменшік әншім» деп еркелетіп, қамқорлығын аяған жоқ. Нұрағамнан бөлек, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Әбілахат Есбаев сынды талантты композиторлармен деп біте қайнасып, қолтықтаса, шығармашылық байланыста болдық. Кейін көңіл көкжиегінен зер салып қарасам, сол кезең қазақ ән өнерінің ренессанстық дәуірі болған екен ғой. Өйткені күн сайын ғажап әндер, көркем туындылар туып жататын және халықтың жүрегіне жылылық ұялатып, көңілінде сақталып қалатын.

Тәубе деймін, мен осындай марғасқа, қасқа мандай абадан азаматтармен үзенгі қағыстырып қатар жүріп жолдас болдым, шығармашылық байланысымыз тұтасып, қабысып жатты. Шәмшінің отыздан астам әнінің тұсауын мен кестім, Әсет Бейсеуовтің 70-ке жуық әнін алғаш орындап, тыңдаушысымен табыстырдым. Кейін 500 әнін кітап етіп бастырып, оқырманымен де қауыштырдық. Нұрағам тек менің дауыс ырғағыма, орындау мәнеріме сай етіп қаншама ән жазды.

— **Шәмші Қалдаяков та сізбен тізе қосып шығармашылық байланысты нығайтты дейді.**

— Нұргиса ағам менің атымды атамай, «жарығым, алтыным, жалғызым» деп еркелетсе, Шәмші мені Нұрғаш дейтін. Болмыс-бітімі қарапайым, жібектей мінезді, тектілігі, бекзадалығы байқалып тұрушы еді. Жас па, кәрі ме, қарсы келіп шаужайынан алса да қасарысып, шаптықпайтын, сабырлы еді. Омыраулап кеуделемейтін.

— **Нұргиса Тілендиев мезгіл-мезеттің қай кезеңіне де қарамай, тіпті жарым түн болсын, жаңа ән тұса сізді үйіне шақыртып, тыңдатып, орындатady екен.**

— Ол рас, көп әндердің тарихында мұндай жәйттер орын алған. Бір жолы түнгі үштің кезінде үйге телефон соқты. «Біздікіне тез жет, Қадыр ақын екеуміз *(Мырза Әлі)* екеуміз бір ән жаздық, пікірінді айт» деді. Такси шақыртып бардым. Екі нұсқасын



жазыпты. Алдыма мәтінді берді. Шалымды, шымыр ұйқас, ойы жұп-жұмыр өлен «Өз елім» деп аталады екен. Нұрағам өзінің әуесін тыңдатты. Мен де пікірімді айтып, иірімдеріне өзгеріс енгізді. Мен келгенге дейін әннің сазы мен сөзін әбден илеп,



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Атырауда

Қаңтар оқиғасы қалың елдің қабырғасын қайыстырды. Осындай қиын-қыстау шақта бизнесінің күл-толқаны шығып, шығынға ұшыраған, кесібінен нәсіп тауып отырған азаматтардың жайын ойлау – елдің іс. Қазір ереуіл кезінде кесібіне зиян келген атыраулық кәсіпкерлер анықталып отыр. Олар жайында өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлан Сүйінбаевтан сұрап-білдік.

«Өңірде орын алған бұзақылық бойынша кәсіпкерлер палатасына әзірге үш кәсіпкерден шағым түсті. Атап айтқанда, бір



зауыт басында жүр. Олар отбасылық кесібін 2007 жылы бастаған. Бізбен әңгімесінде сүт өнімдерін өндіретін зауыт басшысының бірі Орынтай Сайынов: «КазАгроФинанс» АҚ-дан 2007 жылы лизинг арқылы қаржы алып, зауытқа қажетті құрал-жабдықтарды Израильден алдырып едік. Кейін сүт өнімдерін өндіріп, жергілікті дүкендерде саттық. Пандемия басталғанда зауыт жұмысы тұралап

нысаны анықталып отыр. Ол – сүт өнімдерін шығаратын «Қуан» ЖШС зауыты. Зауытқа келген шығын көлемі 44 340 000 теңгені құрайды», — деді Әсел Тұяқбаева. Облыс бойынша ең көп залал келген кәсіпкерлік нысан «Теніз» вахталық поселкесінде орналасқан «Қуан» ЖШС басшылығына хабарластық.

Сүт өнімдерін шығаратын зауыттың өкілі Орынтай Сайынов қазір бірі Орынтай Сайынов: «КазАгроФинанс» АҚ-дан 2007 жылы лизинг арқылы қаржы алып, зауытқа қажетті құрал-жабдықтарды Израильден алдырып едік. Кейін сүт өнімдерін өндіріп, жергілікті дүкендерде саттық. Пандемия басталғанда зауыт жұмысы тұралап

ЗАРДАП ШЕККЕН КӘСІПКЕРЛЕР АТЫРАУДА ДА БАР...



автокөлік кәсіпорны 285 мың тенге шығынға қалғаны анықталды. Сонымен қатар жеке күзет мекемесі мен асханаға залал келген. Олардың шығыны анықталып жатыр», — деді Н.Болатұлы.

Оның айтуынша, кәсіпкерлерді қолдау мақсатында облыс әкімінің шешімімен жаппай тәртіпсіздік салдарынан келтірілген зиянның сомасын анықтау жөніндегі комиссия құрылған. Өтініштердің барлығы сол комиссия отырысында қаралып, нақты шешім қабылданады.

Атырау облысы кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы Әсел Тұяқбаева мұнайлы астанада бұзақылардың қолынан зардап шеккен бизнес нысандарының жалпы сомасы шамамен 45 миллионды құрап отырғанын айтты.

«Қазіргі уақытта жеке күзет мекемесі шығын көлемі аз мөлшерде деп үкімет тарапынан көмек алудан бас тартты. Сондай-ақ комиссия шешімімен тағы бір кәсіпкерлік



қалды. Оның үстінде жұмысшыларымыз бар еді. Қайтадан зауыт жұмысын жандандырамыз деп жүргенбіз. «Жығылғанға жұдырық» болғанын қарашы. 5-6 қантарда шеруге шыққандар ішінен бұзақылар да табылып, олар біздің зауытты тас-талқан етіпті. Электр желісін үзіп, есік-терезені сындырған. Қымбат құрал-жабдықтарды талқандаған. Зауытқа әлі комиссия тобы, полиция жүр. Әзірге 44 миллион теңгенің үстінде шығын келгені анықталды», — деді.

Айта кетейік, бүгінде еліміз бойынша шығынның жалпы сомасы алдын ала есепке сәйкес 103,7 млрд теңгені құрап отыр.

Қиын жағдайға тап болған кәсіпкерлер болса 8(702)6657170, 8(702)5001308, 8(707)5093088 нөміріне немесе whatsapp желісі арқылы хабарласып, қажетті ақпарат ала алады.

Нұргүл НАСЫР,
Атырау облысы

Шымкентте

Бейбіт шеру 5 қаңтардың түнінде жойқын ұрысқа ұласты. Бұзақылар Шымкент қалалық әкімдігіне тас жаудырып, оқ атты. Түрлі лаңкестік айла-шарғыларын іске асырғысы келді. Әкімдіктің алтыншы қабатына дейін баса-көктеп кіріп, ішіндегі дүние-мүлікті сындырып, қалдырмап, өртеп жіберді. Шымшаһардың мөп-мәлдір аспаны өп-сәтте қалың түтін мен жағымсыз иіске оранып, түнерген күйге енді. Баршамаздың төбе шашымызды тік тұрғызып қанды қырғын кезінде «Әкімдікті бәрмейміз!» деп тәуекел еткен сарбаздардың алдыңғы шебінде Шымкент қалалық полиция департаментінің Патрульдік полиция полкінің қызмет инспекторы Ақжол Алтынбек те бор еді.

Бұзақылардың қолынан екі жерден оқ тиіп, аяғы мен сол бүйрегі ауыр жараланған қатардағы полицей қазіргі кезде ақ халатты абзал жандардың ем-домының көмегімен жансақтау бөлімінен шығып, арнайы бақылаудағы палатаға ауыстырылған. «Сол күні бейбіт шеруге шыққан халықты сабырға шақырдық. Алайда бұзақылар тас атып, оқ жаудыра бастағанда жараландым. Әрине, онай болған жоқ. Бірақ мен қай кезде де еліме адал қызмет етуге ант еткенмін. Мен өз қызметімді, полицей болғанымды мақтан етемін. Алдағы уақытта қызметіме кірісіп, азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтау жолында өз парызымды адал атқарамын. Елімізде қашанда бейбітшілік болып, аспанымыз ашық, жұртымыз аман болсын», — деді тәртіп сақшысы ойын ірікпестен.

Бейбіт шеру ретінде басталып, артынан араңдатушылардың әсерінен қарулы қалыңдыққа ұласқан дүрбелеңде антына адалдық танытқан инспектордың полицияға жұмысқа тұрғанына небәрі бір-ақ айдың жүзі болыпты. Ақжанның әпкесі Айгүл Мамашева: «Полицияға жакында ғана жұмысқа кірген-тұғын. 5-нен 6-на қараған түні жанымызды шүберекке түйіп, қатты уайымдалық. Жараланғанын естігенде тағы сары уайымға салындық. Алайда бір Алланың, сосын Президентіміздің шұғыл шешім қабылдауының, одан соң ақ халатты абзал жандардың арқасында елімізде тыныштық орнап, бәрі орнына келіп жатыр. Інімнің ішкі істер органына қызметке тұрып, сын сағатта Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарғанын мақтан етемін», — деп ағынан жарылды.

Дүрбелең кезінде азаматтардың тыныштығы үшін қызметте болып, отбасымен бес күн бойы қауышпаған полиция аға лейтенанты Ерұлтан Оразымбетовтың ең жақын жандарының жанына қайта оралған сәті соғыстан оралғандай әсер қалдырды. Бейнелеп айтсақ та, тұрасын айтсақ та, қан төгілген соғыстан еш айырмасы болмаған қырғыннан аман-есен келудің өзі үлкен шүкіршілік...

Ел қауіпсіздігі үшін антына берік полицей — адал жар, қамқор әке. Патрульдік полиция полкінің қызметтік аға инспекторы Ерұлтан Рахманбердіұлы үйінің есігін ашқан сәтте төрт бірдей бүлдіршіні «өкелеп» алдынан шығып, мойнына асылды. Ал отанасы әкесі мен балаларын аман-есен қауыштырғанына Жаратқанға шүкіршілік айтумен болды.

Қақтығыс кезінде 50 полиция қызметкері түрлі дене жарақатын алған. Оның екеуі аурухананың жан сақтау бөлімінде болып, қазіргі уақытта арнайы бақылаудағы палатаға ауыстырылған. Қызметін атқару барысында жарақат алғандардың бірі — Шымкент қалалық полиция департаментінің патрульдік полиция полкінің взвод командирі Бауыржан Қасымов. Қақтығыс кезінде оның оң қолына тас тиіп, сынған. Жарақаты әзірге ауыр. Қолы гипсте. Соған байланысты дәрігерлер оған еңбекке жарамсыздық парақшасын ашқан. Бірақ полицей қызметтестерінің жанынан табылып жұмыс атқаруда.

«Алған жарақатым жанымға батса да, мен бірден қызметіме өз еркіммен қайта оралдым. Бұл іс-әрекетімді ерлік деп санамаймын.

Қазақстан Республикасына қызмет етеміз. Бұл әр полиция қызметкерінің міндеті деп ойлаймын», — дейді Бауыржан.

Елімізде бүлікшілердің іс-әрекетінен орын алған осынау қиын кезеңдерде полицейлердің ерлігі айқын көрінді. Қауіп-қатермен бетпе-бет келіп, тәулік бойы халыққа қызмет еткен сақшылардың еңбегі ерен екенін айтуға тиіспіз.

Сонымен қатар мегаполисте тұрғындар, белсенділер, танымал спортшылар мен спорт мектептерінің ұстаздары, дін өкілдері және өзге де сала мамандарынан құралған «Халық сақшылары» деп аталатын жасақ құрылды.

Қалалағы қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлес қосқысы келген 500-ге жуық ерікті азаматтың ісі де көңілге демеу, жүрекке жылулық сыйлайтын нағыз азаматтық деп айтқан болар едік.

Елдің жағасын ұстатқан оқиға кезінде тек полицейлер зақымданған жоқ, олар әкімдік жаққа мініп барған көліктер мен



автобустар лаңкестердің қолымен өртеніп, құл талқан болды. Зардап шеккен 91 полиция автокөлігінің ішінде 57-сі жанып кетті.

КӘСІБІ ҚИРАСА ДА, НӘСІПСІЗ ҚАЛМАДЫ

Қантардағы қанды қырғында бұзақылар әкімдіктен бастап әлеуметтік-мәдени нысандарды қиратты. Үшінші мегаполисте орын алған жаппай тәртіпсіздік кезінде Шымкент қаласы әкімінің аппараты, «Көрме» орталығы толығымен өртке оранса, Түркістан сарайы, Ж.Шанин атындағы театр, Әл Фараби атындағы кітапхана, Қаратау аудандық прокуратурасы, «Нұр Отан» партиясы филиалының ғимараты және 24 кәсіпкерлік нысанға («*BI group*» сату бөлімі мен арнайы техникасына, «*Метро*» сауда орталығы, «*T-bus*» автобусы, «*Бақыт*» СУ, «*Додо пицца*», «*Тез.маркет*», уялы телефон бұйымдары дүкені, қонақүй заттары, кондитер өнімдері, «*Халық*» және «*Каспий*» банктерінің банкоматы, «*Актив Ломбард*»), т.б. түрлі деңгейде зиян келді. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Шымкент өңірлік филиалы берген мәліметтерге сәйкес, 13 қантардағы жағдай бойынша кәсіпкерлікке келген жалпы шығын көлемі 226 596 000 теңгені құраған.

«METRO» сауда орталығы директорының орынбасары Ян Набилин лаңкестердің қоймаларды тонап, екі жерінен от жағып, өрт шығармақ болғанын айтты. «Шығынның көлемін нақты айта алмаймыз. Әлі есептеліп жатыр. Бүгінде заңгерлер мен басшылық айналысуда. Жұмысшылар қантардың 10-нан бастап жұмысқа шықтық. Тұтынушыларымыз жоймендеп келіп жатыр», — деді ол.

Жаппай тәртіпсіздік кезінде бұзақылар «Нұрсәт» шағынауданындағы әкімшілік-іскерлік орталығына жақын

Жетісуда

Қаңтардың басындағы жаппай тәртіпсіздік кезінде тонау, қирату фактілері аймақтың біраз өңірінде, яғни Талдықорған қаласы, Ақсу, Қарасай және Жамбыл аудандарында тіркелді. Онда тұрмыстық техника дүкендері, базар, жанар-жағармай құю бекеті, өндірістік кәсіпорын бүлінген. Бүгінде әр өңірде комиссия мүшелері құрылып, шығын санын есептеп жатыр.

ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР

Қолда бар алдын ала мәліметтер бойынша, облыста 120-ға жуық кәсіпкерлік нысаны бүлінген. Талдықорған қаласында 30-ға жуық ғимаратқа шабуыл жасалғаны белгілі болды. Оның ішінде шағын және орта кәсіп иелері зор шығынға батты. Ең көп бүлінген нысандардың қатарында облыс әкімдігі мен полиция ғимараты, «Нұр Отан» партиясының кеңсесі, «Технодом», «Қарағаш», «Мактуб» сауда үйлері бар. Сонымен бірге жекелеген қызмет көрсету нысандары да қираған.

Атап айтсақ, облыс орталығында «Қарағаш» сауда үйі мен ондағы 5 бутик, 3 «Sulprak» тұрмыстық техника, 2 «Technodom» техника дүкені, «Small» супермаркеті, полиция департаменті мен облыс әкімдігінің асханасы зардап шеккен. Ал Қарасай ауданында «Апорт» сауда және ойын-сауық орталығындағы 70-ке жуық дүкен мен бутик, «Алтын орда» базарының 20-ға жуық дүкені, сондай-ақ екі жанармай бекеті тоналған. Зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерінің 83 пайызы шағын және орта бизнес, қалған 17 пайызы ірі бизнеске тиесілі.

«Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Call-орталығы 24/7 режимінде кәсіпкерлерден қоңыраулар қабылдайды. Алматы облысында тонаудан зардап шеккен және форс-мажор туралы куәлік рәсімдегісі келетін 140-тан астам адам хабарласты. Қызметкерлеріміз күн сайын Талдықорғанға және аудан орталықтарында кәсіпкерлік субъектілеріне



қоңырау шалып, аралау жүргізуде. Қажетті кеңестер мен құқықтық көмек көрсетілуде. Осы тұста бизнес өкілдеріне алдағы уақытта шығын көлемін дәлелдеу үшін, уәкілетті органдардан немесе жеке бағалау компанияларынан келтірілген залал туралы қорытынды алмай, зардап шеккен нысандарды ретке келтірмеуге кеңес береміз»,

— дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Ләззат Шыңғысбаева.

Талдықорғандағы құрылыс жұмыстары облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың бақылауында. Аймақ басшысы қаланы аралап көріп, қалпына келтіру жұмыстары бойынша нақты тапсырмалар берді. Облыс әкімі: «Құрылыс жұмысына барлық қажетті ресурстар, арнайы күштер мен техникалық құралдар тартылады», — деді.

Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен ғимараттардың қаншалықты деңгейде бүлінгенін анықтауға Талдықорған қаласына ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Тимур Қарағойшин



жұмыс сапарымен келді. Облыс әкімінің орынбасары Жәніс Тұяқов Тимур Жиенбайұлын ғимараттардың жай-күйімен таныстырып өтті. Барлық бүлінген жерлерді көріп шыққан комиссия төрағасы Тимур Қарағойшин жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан құрылыс мекемесінің басшылығына қауіпсіздік шарасын сақтай отырып, бірінші кезекте нақты атқарылатын жұмыстарды анықтауды тапсырды. Сонымен қатар электр желілерінің ақаулықтарын жөндеуден бастап тексеріп, олардан өрт шығып кетпеуін қатты қадағалау қажеттігін ескертті. Сондай-ақ барлық нысанды аралап көрген комиссия облыс басшылары мен құрылыс компанияларының мамандарымен жеке құрамда кездесіп, нақты шешімін айтты.

Тағы бір айта кетер жәйт, дүрбелең кезінде облыстың елді мекендеріндегі тұрғындар өз жерін бүліншіліктен қорғау үшін ұйымдасып, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп, күн-түн демей, жерін қорғап, еліне қорған болғаны сүйсіндірді. Әсіресе, ел күзетінде тұрған әскери қызметкерлерге өз еріктерімен азық-түлік тасып, оларды жігерлендіріп, азаматтық танытып жүрген еріктілерді көріп, көңілін көтеріліп қалады. Қазіргі таңда облыс орталығындағы бүлінген нысандарды ретке келтіруге 300-ге жуық адам тартылған. Олардың қатарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық өкілдері және жекелеген қамқор азаматтар бар. Бүлінген нысандарды жөндеуге ерікті жастар да білек сыбана кіріскен. Әрине, жастар үшін туған, өскен жерінің өркендеуі, ел-жұртының берекесі мен ынтымағы маңызды. Осындай белсенді, ұйымшыл жастардың көп болғаны да қуантты.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

орналасқан бизнес объектілеріне де айтарлықтай зиян келтірген. Солардың бірі — «Бақыт» тұрғын үй кешенінде орналасқан «Додо пицца» дәмханасы. Бұл жерден 1 ноутбук, 8 планшет, тоназытқыштағы сусындар мен сол күнгі түскен ақшаны алып кеткен. Тонаушылар түгелдей бейнебақылау камерасына түсіп қалған. Мұндағы жұмысшылар қираған дүниелерді қалпына келтіру үшін екі күн кеткенін айтады. Бүгінде 20-дан астам адам жұмысына қайта оралыпты.

Дәмхана үйлестірушісі Саят Кыдырәлі: «Түнгі 2-де бір топ жігіт есікті ұрып, сындырып кіреді. Бүкіл азық-түлік, сусындарды, планшет, ноутбукты өздерімен алып кетеді. Камераға бәрі анық түскен. Түрлері анық көрінеді. Екі күн бойы жұмысымыз тоқтап қалды. Есікті жөндедік, планшеттерге тапсырыс бердік. Бәрі ақырындап қалыпқа келуде. Интернеттің болмай қалуы да бізге кері әсерін тигізді», — деді.



Бұзақылар кәсіпкерлік нысандарын қиратып, тонағанымен қоймай, құрылыс компанияларына да әжептәуір шығын келтірген. «BI group» сату бөлімін қиратып, ғимаратқа от қойыпты. Сондай-ақ осы маңда жүріп жатқан құрылыстардан темір арматураларды ұрлаған қара ниеттілер құрылыс техникаларын қалалық әкімдіктің алдына алып келген көрінеді. «BI group» холдингінің бизнесті дамыту бойынша директоры Айдын Жакежанов: «Өздеріңіз көргендей, ғимарат қирап, зардап шеккен болатын. Терезелерін сындырды. Ішіндегі мүлікті от жағып өртеп жіберген. Қазіргі таңда шығынның көлемін бағалау жұмыстары жүргізілуде», — деп ашығын айтты.

Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Біржан Әзімбердиевтің айтуынша, 13 кәсіпкерлік нысан қалпына келтіріліп, штаттық режимде жұмыс істеді. Қалған кәсіпкерлер шығындарды өз есебінен қалыпқа келтіріп отыр. Республика көлемінде құрылған қор арқылы келешекте жұмсалған қаржы қайтарылып беріледі.

Айта кетерлігі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы шығындарды есептеумен айналысады. Ешқандай ақша бермейді. Қор арқылы көмек көрсетілетінін назарға алу қажет. Қалаға кіретін күре жолдардың барлығына 7 блок бекет орнатылып, 24 сағат бойы кірген-шыққандар қатан тексеріледі. Қалыптасқан жағдайға азаматтар да түсіністік танытып, бекеттердегі ұзын-сонар кезекті сабырлылықпен күтуде. Жалпы жаппай тәртіпсіздіктен, қанды оқиғадан шымкенттіктер де ауыр сабақ алғанын, енді мұндай бейберекетсіздік болмауын, тек ашық аспан астындағы бейбітшілікті көкесейтінін ұғынғандайсыз.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ, *Шымкент*

Тұлға

Менің сөзімді бірден Оразак Смағұлов тағылымынан бастауыма әйгілі философ Николай Бердяевтің төмендегі тағылымдық түйіндері себепші болып еді: «Адам адамзат әлеміне ұлт адамы ретінде енеді. Ұлт адамы – ұлттық қаны бар, дербес ұлттық болмысы бар адам. Мәдениет

ешуақытта жалпылама адамзаттық болған емес. Ол барлық кезеңдерде нақты адамдық, яғни нақты ұлттық болған». Болашақ тарихшы – қазақтың тұңғыш антрополог академикі Орекен осынау ұлтын сүйген ұлылар тағылымын бойына сіңіріп өскендіктен, ұзақ жылдық ғылыми ізденістеріне сүйене отырып, XX ғасырда қазақстандық тарихшылардың қазақ халқының шығу тегі туралы жазғандарының ешбір дәлел-дәйексіз ауызша айтылған жазбаларға сүйеніп жазылғандықтан аса залалды ғылыми көтерілгенге ұрынғанын алғашқылардың бірі болып білген еді. Солай бола тұра, қазақтың ресми тарих ғылымында сол бір өрескел көзқарастарды объективті түрде сын тезіне алған ешбір ғылыми жұмыстың болмағанына өкіне отырып, оның себептеріне үңіліп былай дейді: «...Тіпті, ол ұлттық тарихтың жағымды жетістіктері ретінде көрсетілді. Мұның барлығы – Қазақстанда қазақ халқының көне тарихы бойынша білімі бар тарихшылардың болмауының салдары еді, ал «маман» деп аталатындар Кеңес ұйытқысының идеологиялық «ашытқыларында» өскен еді. Сондықтан олар тек құрғақ сөзді ғана малданып, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы проблемаларын шын мәнінде шеше алған жоқ». Қанша ауыр болса да Академиктің бұл сөзінде ашы шындық бар екеніне көміл сенемін.

Академик Оразак Смағұлов менің ғылыми жетекші-ұстазым болатын. Ғылыми-зерттеу жұмысым «Түркеш қағанаты» (692-766) деп аталды. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми кеңесі бекіткен осы тақырып бойынша ғылыми жетекші табудың әлегі мені талай есікті қақтырып, талай атағы дардай академик-профессорлардан мәселім қайтқаны әлі есімде. Алматы мен Астанадағы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарынан X ғасырдың арғы жағындағы Қазақстан – Орталық Азия тарихы бойынша бірде-бір маман табылмады. Ең соңында Орта ғасыр тарихының маманы Зуев ақсақалдың қала шетіндегі саяжайына барып ақыл-кеңес сұрауға тура келді. Қария әбден қартайып, азып-тозған-ақ екен. Мандымды ештеңе айта алмады. Оның үстіне менің кандидаттық жұмысым қазақ тілінде жазылып жатқан. Сонымен сол тұста институтымыздың Ерте Орта ғасыр бөлімінде бірге жұмыс істейтін, Қазақстандағы ғылыми ортаға жаңа таныс бола бастаған профессор Зардыхан Қинаятұлымен ақылдаса келе, ол тұста Академияның мүше корреспонденті Оразак ағаның кабинетіне өтінішпен бардық. Мән-жайды түсінген ағамыз көп ойланбай-ақ бірден келісімін берді. Бірақ талап бойынша ол кісінің ғылыми шифр номері менің тақырыбыма сай келмейтінін ескертіп, Институт директоры – академик Манаш Қозыбаевтың келісімін алып, ВАК-тың төрағасы атына арнайы өтініш-хат жолдау керек екен. Өтініш орындалып, профессор Оразак Смағұлов менің ғылыми жетекшім болып ресми бекітілді.

Сол уақыттан бастап Орекенмен жиі кездесіп, ақыл кеңесін алып қана қоймай, ол кісінің өмірге, ғылымға, қазақ тарихының өзін толғандыратын түйткілді тұстарына арналған ғибратты әңгімелерін тыңдап, ұстазыма деген құрметім арта түсті. Орекен әр сөзінің аяғында: «Ғылымға келген екенсің, оның жауапкершілігін, тазалығын, әсіресе мынау бұрмаланып, әбден былыққан еуроцентристік-орыстық астамшылықты басшылыққа алып жазылған халқымыздың идеологияланған жасанды тарихын малданып, Көк түріктер мен Түркеш қағанаты тарихын жазсаң, мен сенің жұмысыңа жетекші болудан бәрібір бас тартамын, сол есінде болсын» деп даусын қатайта, қабағын түйе қарайтын сөті күні бүгінге дейін көз алдымда. Мен сондықтан да «Түркеш қағанаты» тарихын зерттеу жұмысымда орыс-қытай, Еуропа ғалымдарының асқақ атақ-дәрежелеріне қарамай, барынша сыншылықпен, объективті баға беруге батыл кірісе алдым.

«Ежелгі және Орта ғасырдағы түркілер: тарихи зерттеулер» атты монографиям кітап болып шыққанда балаша қуанып: «Жарайсың, бауырым, үмітімді асыра ақтадың» деп құттықтады. «Ағынан жарыла айтар болсақ, қазақ тарихшылары күні бүгінге дейін Қазақ елінің егемендігіне лайықты Отан тарихын жазып бере алған жоқ. ...Енді, міне, Отан тарихын жазудың жаңа кезеңі басталды», – деп сүйіншіледі.

Мен бұл сөздерді мақтан үшін емес, әлем мойындаған академиктің ақ батасы, ұстаздың шәкіртіне деген ыстық лебізі деп қабылдап отырып, алдағы ізденістеріме қойылған салмақты талап деп білдім.

Зымыран уақыт зырлап, Орекенді токсанның төріне әкеліп отырғызып қойыпты. Туған халқы ғана емес, күллі әлемдік деңгейде торқалы токсанды тойлап, ұлы тұлғанын ұлағатты өмір жолын, ғылымдағы тар жол тайғақ кешулі азапты өмір кешулерін, жеткен жетістіктерін мақтаныш етіп жатыр. Сол қатарда академик ұстазымның отандық антропология ғылымына қосқан үлестерінің кейбіріне тоқталғанды жөн көрдім. «Происхождение казахского народа. По данным физической антропологии» (Алматы, 2017) атты кітабының қалай дүниеге келгені туралы арнайы тоқталған профессор Ахмет Токтабай: «60 жылдан астам уақытқа созылған антропологиялық ізденістер қазақтың ата-тек тарихын зерттеп-зерттеуге арналғанын, Орекен экспедициясы осы уақыттар ішінде Қазақстанның шығыс-батыс, оңтүстік-солтүстік, орталық аймақтарын шарлап, ара қашықтығы ұзынынан 3000-2000 шақырым, көлденеңінен 1000 шақырым аралығында жатқанына қарамай,

оларда антропологиялық айырмашылықтар өте аз екенін дәлелдеп шыққан», – деп жазады

Нақтылап айтқанда, IX-X ғасырларда қазақтың бүгінгі кескін-келбеті қалыптасып, монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде монғолдың 70%, еуропалық нәсілдің 30% элементтері бар қазіргі қазақтардың бет-бейнесі айқындалған. Сонымен кешенді зерттелген антропологиялық ізденістердің нәтижелері бүгінгі қазақтардың көне тұрғындарымен генетикалық байланыстарының үзілмей сақталып келгенін дәлелдеп бергеніне көзіміз жетіп отыр. Біз солай дегенімізбен, күні кешеге дейін қазақ антропологтары мен археолог тарихшыларының ескі сұрлеуден шыға алмай келе жатқанына академик Оразак Смағұлов қатты ашыналды. Академик ұстаз осынау келенсіздіктің тарихи себептеріне талдау жасап былай дейді: «Басты проблема Қазақстанның соңғы үш жүз жыл көлемінде Ресейдің, ал одан кейін кеңестік империяның отаршылық аумағында болғандығынан көрінеді. Сол үшін – қазақ халқының объективті тарихы мен этномәдени дәстүрі империялық идеяның, саяси цензураның қатаң қысымында болды».

Осындай тарихи, саяси басым жағдайында қалыптасқан үш ғасырлық қазақ халқы тарихын жазудың тарихнамасына шолу жасай келе, антрополог академик тәуелсіз Қазақстан жағдайында

АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ



жазылып жатқан ғылыми зерттеулерге көңілі толмайтынын ашық әрі ашына жазады. Оның нақты көрінісі ретінде бүгінге дейін қолданыста жүрген «кочевник» және «номад» терминдерінен туындайтын ғылыми һәм саяси аласушылықтарға ұрындыратыны жөнінде Академик былай дейді: «...Бұл терминнің мән-мағыналарын олар шын мәнінде ұғынбайды, бірақ ол қазақ өркениетінің «шыны» ретінде көрсетіледі. Нақты алғанда, бұл терминді Қазақстан тарихына қатысты қолдану қазақ халқының объективті тарихын жасырын түрде қорлау болып отыр. Өкінішке қарай, бүгінгі күні «номад» – «көшпенді» – «қазақ» сөздері синоним болып кетті. Адамдардың көпшілігі біздің елімізде болсын, шетелдерде болсын, оны солай қабылдайды, тіпті бұрынғы және қазіргі заманауи жағдайларда қазақ халқының этномәдени дамуының «Ресми карточкасына» айналды».

Академик бұдан әрі қарай «номадтың» грек сөзі екенін, оның мағынасы, тұрақты мекені жоқ үйсіз-қүйсіз, баққан малына ілесіп қанғырып жүретін адамдар дегенді білдіретінін, В.Дальдің сөздігінде де сол мағынада анықтама бергендігін, бүгінгі ғылымда одан басқа мән-мағына бермегенін атап көрсетеді. Nomad деп бүгінгі таңда антропология ғылымы бәдәуилерді, хатба мен туаречилерді, масал мен австриялық тайпаларды ғана жатқызады. Олай болғанда, аталған номад делінген тайпалардың қайсысын бүгінгі қазақтар ғана емес, олардың арғы ата-бабаларына ұқсата аласындар деп академик асқақал зілді сұрақ тастауға мәжбүр болады. Осыларды айта келе: «Қазақстанның қоғамтанушы мырзаларын ұйқыдан оятып, «номад» терминін қазақтарға қатысты қолдануды тоқтатындар, бұл ғылыми көзқарас тұрғысынан қате болуымен қатар, мына өркениетті әлемнің алдында туған халқын қорлау болып табылады», – деп қатан ескерту жасайды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларын осындай көзқарастарға ұрындырып отырған басты кінәрат ретінде: «...Көне қазақ жерін мекендеген халықтың сан-салалы өмірін этномәдени тарихын объективті түрде жазудан барынша қашқақтайды», – дей отырып, еліміздегі көптеген қоғамтанушылардың этнотерминдерді, әсіресе, қазақ халқының этникалық тарихына қатысты

TARİH

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

терминдердің түпкі мағынасына бойлап, жүйелі ғылыми талдауларға бармай жатып, өздерінше білгішсінетінін айтады. Академик Орекен оған мысал ретінде «таксономия» грек сөзі екенін, биология саласындағы арнайы термин гуманитарлық саладағы зерттеулерде қолдануға жатпайтынын, бұл жерде сөз биологиялық жүйелеу туралы емес, ал түрлі тарихи кезеңдерді дәуірлеу туралы екенін айтады. Академик Смағұловты алаңдататын тақырыптың тағы бірі, ғалымдар жиі қолданатын «платогенез» (*яғни тілдердің шығу тегі туралы*) терминін ежелгі қазақ тарихы мен лингвистикасына қолданудың ешқандай ғылыми мән-мағынасы жоқ екені.

Алфавиттік жазу тарихына шолу жасаған Орекен ежелгі шумер, орхон-енесай мөрлі жазуларын тапқырлаған түпкі түркі ата-бабаларымыздың ұрпағы болған қазақ халқының да тектілік негізі екеніне көптеген дәлелдер келтіреді. Сондықтан, бүгінгі қазақ тілінің арғы түрік тілдері тобына жататындығы ендігі жерде басы ашық ақиқатқа айналып отыр. Осыларды қорытып, тиынақтай келе антрополог-академик күллі ғылым иелеріне былай деп үн қатады: «...Адам әрқашан тіл мен діннің ұстанушысы болған. Біздің жағдайымызда көне кезеңдерден бері Қазақстанды мекендеушілер жергілікті популяция негізінде серпінді дамып отырды. Өйткені бұл аумақта төрт мың жылдан астам уақыт аралығында халықтың шекаралас мекендерден тайпалардың көптеп келуі мен жергілікті тайпалардың өздерінің мекенінен тыс жаппай ауысуы байқалмайды.



Академиктің осынау ұлағатты пайымын одан әрі өрістетер болсақ, түрік мәдениеті тарихшысы Зия Гөк алыптың: «Кейбір ұлттардың заманауи мәдениетке қол жеткізу үшін, өткенінен алыстауы қажет болатын шығар. Ал түріктердің, керісінше, өздерінің өткен тарихына, ежелгі мәдениетіне қайырылып, назар аударуы жеткілікті» деген ұжыне жүгінуіміз жөн болар еді. Біз сонда ғана «Еуроцентристік-шовинистік пайымдарға шоқынған «номадизм мен көшпенділікті» дәріптейтін тарихшымақтардың мәнгүрттенген ой-жоталарына тойтарыс берер едік. Академик О. Смағұлов: «Қазақ халқын және оның ата-бабаларын кешенді физикалық антропология салалары бойынша зерттеулер барысында бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің жері қазақ зәуатының өзүлден өз атажұрты, тұрғылықты отаны екендігі және осы аумақта 4-5 мың жыл бойы ұрпақтар сабақтастығы үзіліссіз болғаны толық дәлелденді... Генетикалық тұрғыдан жалпы сараптар болсақ, байырғы қазақ атамекеніндегі популяциялық даму тарихы мен оның мәдениетінің өрбіп-өсуі жолдарының бірегей сабақтастығын, ғажайып биоәлеуметтік құбылыс ретінде де пайымдар едік», – дейді.

Өз халқына «номад, кочевник» қара таңбасын басқысы келген Масановшылардың сонау неолит, энеолит (*ж.с.д. 7-5 мың жыл*) қола (*ж.с.д. 4-3 мың жыл*) дәуіріндегі байырғы қазақтардың өз жеріндегі бай табиғи металл кендерін игеріп, қажетті құрал-сайман мен қару-жарақтар жасау технологиясын ойлап тапқанын, кен өнімдерін көрші елдерге де шығарып сатқанын білмеуі мүмкін бе?

Арғы тарихты қазбаламай-ақ, XIV ғасырда Түркістандағы әйгілі тайқазанды жеті бірдей элементті қосып жасаған шеберлердің керекті барлық металды қасиетті Түркістан жерінде жасай алғаны мақтанышымыз еді ғой. Ал Қола дәуірінде игерілген кен орындарын мен өзек-көздерді жағалай қоныстанған ата-бабаларымыздың күмбезді-шатырлы Ботай сияқты қысы-жазы тұруға арнап салынған баспаналарда тұрып, мын-мындап жылқы өсіріп, еті мен сүтін азық еткені, балықшылықпен де айналысқанын археологтар жетерліктей дәлелдеп берді.

Антрополог ғалым қазақ атамекенінің көп салалы тарихи тіршілігін хронологиялық ізбен

шартты түрдегі жеті этномәдени дәуір бойынша жүйелеп береді. Сөйтіп қазақ популяциясын әлемдік антропологиялық жүйеден орын тапқан және бүгінгі қазақ халқын мындаған жылдар бойы тұрақты бүгінгі қазақ халқын мындаған жылдар бойы тұрақты елі мен жері бар, тарихи қалыптасқан отаны бар ұлт ретінде әлем алдында ары мен намысын тиісті деңгейде барынша қорғауға міндетті екенімізді қадап айтады. Ал өткен ғасырдың соңғы ширегінде Есіктері Сақ қорғанынан археолог ғалым Кемел Ақышев тапқан «Алтын адамнан (*ж.с.д. I ғ. делінген*)» кейін Қазақстанның төрт тарапынан археолог ғалымдар ашқан «Алтын адамдар», Ботай қорымынан табылған мындаған жылқы сүйектері мен қола, темір, алтын-күміспен әшекейленген әсем бұйымдар, қару-жарақтар, 6000 жылдық тарихы бар қара домбыра, қазақ жерінде игерілген кен орындарындағы кен байыту техникасын меңгерген халықтың ұрпағын жабайы «номадтар, кочевниктер» деп сандырақтаған мәнгүрттерді қалай кешіреміз: 60 жылдық саналы ғұмырын сарп етіп зәу-затының этникалық тегі мен этномәдениеті тарихын жазып берген академик Оразак бұған басқаша қалай жауап беруі керек еді?

Антрополог ғалымды толғандырып, ашындырып жүрген тақырыптың тағы бірі сонау Қола дәуірінен бергі археологтар ашқан тарихи елді мекендердің этникалық атауларын белден басып орыстық атаулармен атап келе жатқаны, күні бүгінге дейін тарихи зерттеулер мен оқулықтарда аталатын «Афанасьева», «Андронов», «Окунов» және «Денисовкалардың» түркілердің «Алтын бесігі» аталған Алтай өңіріне ешбір қатысы жоқ екенін айтып, жазатын отаншыл тарихшы-антропологтардың атылап шыға алмай жүргендігі екендігі. Орекен қазіргі, бұрынғы адам сүйегінің морфологиясы туралы ешбір білім-білігі болмаған археолог әріптестерінің әрекеттеріне қарта «Елімізде антропологиялық материалдарға (*Абақ-Байтақ және басқа да*) деген вандализмге қашан шек қойылар екен» деген сұрағына тиісті мемлекеттік мекемелер мен ғалымдардан жауап күтеді. Әсіресе, соңғы жылдардағы «Алтын адам» іздеу науқанға айналған кездегі қазба жұмыстарына көңілі толмайтыны басқаларды да ойландырады деп қараймыз.

Академик Оразак Смағұлов не жазса да, не жұмыс істесе де, тек өзінің туған халқының 40 ғасырлық өмір кешулері мен материалдық һәм рухани этномәдениеті тарихын айқындауға арнаған екен. Соңғы 70-80 жылдардағы халқымыздың этномәдени тарихының шектен шыға саясилауып кеткенін, оның бір көрінісі көп томдық «Қазақ СССР тарихы», «Қазақстан тарихы» деген атауларда жалаулап тұрғаны, ал қазақ халқының тарихы мен этномәдениеті аталмыш атаулардың аясына мүлде сай еместігін ғылыми, тарихи дұрыс атауы – қазақ халқының тарихы» немесе «Отан тарихы» болуы керек деген ұстанымға тоқтайды. Ол үшін бүгінгі қазақ елінде төрт мың жылдық этномәдени тарихы бар тек бір ғана халық бар, ол – қазақ халқы екенін өзіміз танып-білуіміз керек. Сонда ғана қазақтарға байланысты тарихи салаларды шартты түрде болса да жүйелеп, оның материалдық тарихы, мәдени тарихы, Ата заң тарихы, діни тарихы, саяси тарихы, философиялық тарихын арнайы зерттеп жазуға жол ашылады. Мұндағы негізгі талап «Қазақстан» деген өкімшілік атаудың орнына «Қазақ халқының тарихы», «Қазақ елінің тарихы» немесе «Отан тарихы» деген атауды қолдануға негізделеді.

Антрополог академиктің ұлт үшін, тәуелсіз мемлекет мүддесі үшін тындырған айтулы еңбегінің бірі мынау: қазақ тарихынан өз орнын ала алмай, сан-саққа жүгірткен қасиетті ханымыз Абылайға қатысты барлық антропологиялық, археологиялық тарихи материалдарды кешенді зерттеу арқылы, Абылай ханның фено-бейнесіне, дене құрылымы мен сүйек өлшемдеріне ғылыми анықтама беруге антрополог Орекен басшылық жасаған ғалымдар орасан зор табысқа қол жеткізді. Соның арқасында тұңғыш рет антропологиялық қайта қалпына келтіру әдісімен ханның бас сүйегі бойынша оның дәлме-дәл бет әлпетінің көрінісі жасалып, халқымыздың ұлы перзенті Абылай хан туған халқымен қайта қауышты.

Осынау кешенді «Тарихи антропологиялық зерттеу» атты ұжымдық еңбек арқылы қазақ елі тарихының жарқын бір беті ашылып, рухани жаңғыруға төте жол салғандай болды.

Академиктің 60 жылдық ғылыми ізденістері арқылы жарық көрген еңбектері әлемнің белгілі ғылым ордаларында, антрополог ғалымдарына кеңінен танылып, жоғары бағаланғанын өз еліміздің азаматтары онша біле бермейтіні өкінішті-ақ. Осы жағдайды ескеріп, мақалалымыздың соңында Ресей ғылым академиясының мүше-корреспонденті, әлемге танымал этнолог Сергей Арутюновтың «Долгий путь к себе» атты мақаласынан қысқа үзінді бере кетуді пайдалы көрдік:

«Қазақ халқы мен оның арғы ата-бабаларының этникалық тегі мен этномәдени бет-бейнесінің қалыптасу мәселелері оның егеменді даму шарт-жағдайында рухани, адамгершілік және патриоттық тәрбиені тереңдету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарын біртұтас әлеуметтік-мәдени қауымға жұмылдыру үшін аса өзекті болып көрінеді. Осыған байланысты О. Исмағұлов пен А.Исмағұлованың кітаптарының жарық көруі дәл уақытында болды, өйткені әлі де объективті және субъективті бірікпестік себептерге орай қазақ халқының этногенез және этникалық тарихы проблемаларын зерттеуге аса көңіл бөліне қойған жоқ. Бүгінгі уақытта қазақ халқының тарихын танауды осы ақпараттық жоюға КР ҰҒА академигі, Болон Ғылым академиясының (*Италия*) корреспондент мүшесі, КР ғылым мен техника саласының құрметті қайраткері О. Смағұлов пен оның қызметкерлерінің Қазақстанның физикалық антропологиясы саласындағы жүйелі зерттеулерге алған қомақты нәтижелері елеулі үлес қосуға қабілетті. Олар Қазақстанның ежелгі және қазіргі халқының кешенді антропологиялық зерттеулерімен жемісті айналысып келеді».

Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН,
тарих ғылымының кандидаты, профессор



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



БҮГІНГІ
САҒИНА



«Жаман сырын айтамын деп, шынын айтады» демекші, менде қазіргі өзіміздің күн көріп отырған бизнесымағымыздың жай-жапсарын жайып салайын деп отырмын.

Мардымсыз тірлік кешіп жүргенімде, жығылғанға — жұдырық, бір созылмалы кеселге ұшырап, ауруханада айлап жатуға тура келді.

Алғашқыда көңіл сұрап келген ағайындардың әкелгендеріне көңіл бөлмейтінмін. Бірде олар әкелген алма атаулыны жиыстырып әйеліме беріп жібергенмін. Ертесінде әйел: «Кешегі алмаларың он бес килограмнан

Әйелдің деуімен болуы керек, алмадан бөлек алмұрт, қауын сияқты жеміс-жидектер де келе бастады.

Басында ынғайсызданушы едім, келіншегімнің «кешегілер пәлен каражат болды, оны өйттім-бүйттім» дегенін естіп... кейінгі кезде көз қияғым бірден келгендердің дорбасына түсетін болып алды...

Ауыл пойыз жол торабында болғандықтан, әйел сатар затын ары-бері өткендерге ілезде-ақ үлестіріп үлгерді.

Не керек, ауруым созылмалы болғандықтан алты ай жатсам да, зерікпедім... Әйелдің арқасында шағын жеке бөлме бұйырып, тоназытқыш пен теледидар да кіргізіп берді.

Бірде көңіл сұрап келіп отырған құда: «Құдағи айтқан он қап көртөшкені қаттап дайындап қойдык» дегенінде үндей алмай, кеткен соң әйелге: «Көртөшкің не?!» десем:

Бүк-шік БУЗНЕС



«Саған ескертуді ұмытыппын ғой, бар-ау деген ағайындарға «Ауруы қиын, шетелден маман келіп қарайды екен. Оның қарағанына, дәрі-дәрмегіне көп каражат керек екен дегенмін. Құдаң болып, басқалар бар — құдай қаласа, бір елу мөшектей көртөшкі бұйырып, оны бір пойызбен келісіп тиіп, алдағы аптада қалаға апарып сатып келейін деп тұрмын. Онымен бірге бұйырған төрт-бес ірі қара, жиырма шамасындағы уақ малдың да етін апармақпын» дейді.

Не керек, өстіп ойламаған жерден бүк-шік бизнес пайда болғаны...

Бірде келіншегім алақайлап көңілді келді де: «Ендігі жерде ел-жұртын не әкелсе де ала бер. Стансадан киоск аштым, енді бәрі-бәрің сата беруге болады!» дейді.

Кайтейін, қолдан келер басқа тірлік жоқ, бұйырған бизнеске бел шешіп

асып жығылды...» — дейді. Түсінбеген маған: «Сатып, дәрі-дәрмек әкелдім. Үйдің де пәтеракысын төлеуге жетті» деді де: «Әкелгендердің қолын қаппа, не әкелсе де, жиыстыра бер» деп қытайдың нән екі-үш қабын тастап кетті.

Қарға тамырлы казак емеспіз бе, айналайын ағайын-туыс, жекжат-жұрағат бар, ойпыр-ай, түске дейін үш-төртеу, түстен кейін бес-алтау келіп... ал сенбі, жексенбі бірі кетіп, келесісі келіп, күн баласы тыным көрмеймін... Келген атаулы құрқол келмейді. «Ауруына алма сеп» деп әйел айтқан болуы керек, жатқан төсегімнің асты алмаға толды.

Әйел де ылдым-жылдым, кештетіп келіп теңдеп тиіп, тайып отырады.

Ұмыт болған ұлттық тағам

Шалжығар

Шалжығар. Қазақ тілінде «шалжығар қымыз» деген тіркес бар. Қымыздың күштілігіне қарай айтылады. Сондай-ақ шалжығар деген тағам да бар.



Ол былай жасалады: жана сойылған қойдың етін құйрық, өкпе-бауырымен қоса түгел қарынға тығып, тұз, бұрыш, сарымсақ, пияз қосалды да аузы тігілген қарынды шұңқырға жағылған оттың шоғына көміп, топырақпен бастырып тастайды. Қарындағы еттің демі шығып тұруы үшін қойдың асық жілігінен түтік жасап, бір басын қарынға тығып, екінші басын пештің мұржасы секілді, топырақтан шығарып қояды. Шәкен Айманов: «Бұл астың аты — шалжығар. Баяғыда шопандар байдың бір қойын ұрлап сойып алып, қарынға тыққан етті шұңқырдағы шокка танертең көміп кетсе, кешке былқылдап пысып тұрады екен. Бар қуаты өзінде қалатын бұл асты кейбір кәрі шалдар көтере алмай, жығылып қалады. Шалжығар атанғаны содан» деген екен.

Қарма

Қарма. Казак даласында бұрыннан бар, балық шаруашылығымен айналысатын ру-тайпалар әзірлеген. Әйгілі халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың «Мекен еттім жапалақтай жар басын, азық қылдым ақ балықтың қармасын» деген өлең жолдары бар. Балық сүйегін, оған аздап балық етін де қосып, қазанға қарып қуырады. Келіге



салып, ұнтақтайды. Сосын кәдімгі диірменге тартса, одан қызылқоңыр талқан шығады. Қарма деген тағам осылай жасалады. Оны балық жармасы деп те атайды. Денсаулыққа аса пайдалы тағам есептеледі. Балықшы ауылдарда әлі күнге осы тағамды жасайтындар бар.

«Қазақы ас: дәстүр мен дәм» кітабынан

ЦИФРЛЫҚ
НААТ-ФОРМА

«Шеврон» компаниясының өліміздегі бөлімшесі «Шеврон Мұнайгаз Инк.» Қазақстандағы Тікелей инвестиция қорына қатысты веб-сайты іске қосты. Цифрлық платформа ретінде www.cdif.kz веб-сайты қазақстандық бизнес-қауымдастыққа инвестициялық жобаларды қаржыландыруға өтінім тапсыру үшін инвестициялық мүмкіндіктер мен Қор қызметі туралы ақпарат беруге арналды.

«Шеврон» жаңа веб-сайт ашты

«Шеврон» компаниясы Еуразия бөлімшесінің басқарушы директоры Джон Балти: «Веб-сайтты іске қосқанда, «Шеврон» жергілікті қазақстандық кәсіпкерлерге өз ісін бастауға немесе дамытуға, өнімдері мен қызметтерін дамытуға қаржыландырудың жаңа ресурсы пайда болады», — деді.

Еске түсірсек, еліміздің энергетика министрлігі мен «Шеврон» компаниясы өткен жылғы 11 қазанда 248,5 млн АҚШ доллары көлемінде Тікелей инвестициялар қорын құру бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойған болатын.

Бұл қор «Шеврон» компаниясының цифрлық технологиялар, қоршаған ортаны



қорғау, энергетикалық саласына тауар өндіру және қызмет көрсету сияқты әр түрлі салалардағы жергілікті коммерциялық кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы Қазақстан экономикасына қолдау көрсету құралы болмақ.

АҚЖОДАТАЙ

Еліміздің тарихында тұңғыш рет олимпиадалық құраманың формасы қазақша QAZAQSTAN деген атаумен шығады.



фестивалі. Бұл тек спортшылар үшін ғана емес, командасын қолдайтын барлық жанкүйер үшін маңызды оқиға. Олимпиада кезіндегі кез келген жабдыкқа басты назар аударылады. Сондықтан ел атауының Qazaqstan

Олимпиадаға - ұлттық белгімен

Маңызды элементті халықаралық белгіден ұлттық белгіге өзгерту үшін Халықаралық олимпиада комитетінен арнайы рұқсат алынды. Бұл ретте Қазақстан ХОК-тың үш әріптік кодтарының тізімінде KAZ белгісімен қала береді. Өйткені аббревиатура халықаралық стандартқа сәйкес пайдаланылады.

Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің өкілдері: «Олимпиада ойындары — ең алдымен үздік атлеттер өз байрағымен шығатын достық пен бейбітшіліктің үлкен

деп жазылуы — маңызды қадам. Олимпиадашылар — Қазақстанның шетелдегі маңызды елшілері. Сондықтан біздің отандастарымыз біздің командамызға — өз командасына қолдау көрсетеді деп үміттенеміз», — деді.

Бейжіңдегі қысқы Олимпиада ойындарына спортшылар жаңа формамен аттанады. Айта кетейік, 17 қаңтарда барлық жарыс аяқталды. Қазақстандық спортшылар спорттың 8 түрінен 82 лицензия жеңіп алды.

Өз тілшіміз

Комитет рыбного хозяйства Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан уведомляет о проведении Общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Биологическое обоснование. Проведение комплексных морских исследований по оценке состояния биологических ресурсов казахстанской части Каспийского моря».

Проект будет доступен на Едином экологическом портале <https://esportal.kz/> в разделе «Общественные слушания» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления для предоставления замечаний и предложений в течении десяти рабочих дней.

Разработчик: ТОО «Казэкопроект», г. Алматы, улица Клочкова, 123, тел. 8(727)-250-75-02.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті «Биологиялық негіздеме. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі биологиялық ресурстардың жағдайын бағалау бойынша кешенді теңіз зерттеулерін жүргізу» жобасы бойынша Қоғамдық талқылау нысанында Қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды:

Жоба осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін <https://esportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде он күн бойы ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады

Әзірлеуші: «Казэкопроект» ЖШС, Алматы қаласы, Клочков көшесі, 123, тел. 8(727)-250-75-02.

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №1061;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AitAstan» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.